



Аймақ басшысы
ақындармен
жүздесті

2-бет



Жеткіншек
қылмысқа
неге үйір?

3-бет



Дәстүрді
жалғастырған

8-бет



Аяқдоп академиясы ашылады

Қарағандыда жас спортшылар үшін ерекше жоба қолға алынды. Бұл – елімізде бұрын-соңды болмаған балалар мен жасөспірімдерге арналған заманауи футбол академиясы. Жобаны белгілі кәсіпкер әрі меценат Тимур Турлов басқаратын Freedom Holding Corp. әзірлеп, толықтай компания қаржысы есебінен жүзеге асырмақ. Құрылыс құны шамамен 11-12 миллиард теңгені құрайды. Жоба авторлары аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевқа академияның құрылымын, мақсаты мен маңызын, өмір спортына беретін мүмкіндіктерін баяндады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Таныстырылым барысында облыс әкімдігі мен Freedom Holding Corp. компаниясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

– Алты ай бойы Freedom Holding Corp. компаниясымен бірге түрлі сұрақтарды талқылап, нақты жұмыс жүргіздік. Бұл – жоғары әлеуметтік жауапкершілік танытатын, көптеген маңызды жобаларды жүзеге асырып жүрген компания. Бүгін сол бірлескен еңбектің нақты нәтижесі – меморандумға қол қойылып, үлкен жобаның бастамасы жарияланып отыр, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Кездесуде облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Тимур Турловқа «Шахтер» клубының жейдесін естелік ретінде табыстады. Бұл – жобаның Арқа жерінде бой көтеретіндігінің символдық белгісі.

Академия құрылысына 9,61 гектар жер бөлініп, 28 мың шаршы метрден астам құрылыс жүргізіледі. Жоба аясында спортшыларға ғана емес, олардың толыққанды дамуына қажетті тұрақты өмір сүру, оқу және медициналық жағдайлар жасалмақ.



Академия аумағындағы нысандар кешеніне жабық манеж және жылытылатын жаттығу алаңы (өлшемі – 105x68 м), 3 толық көлемді футбол алаңы (жасанды төсеммен жабдықталған), халықаралық стандарттарға сай 3,5 мың көрерменге арналған трибуналар, интернат (ұлдар мен қыздарға бөлек), оқу сыныптары, спорт залы, гимнастикалық зал, массаж және физиотерапия кабинеттері, сауна кешені, 120 орындық асхана, медициналық пункт, кір жуатын орындар, қызметтік бөлмелер, балалар ойын алаңдары, баскетбол мен волейбол алаңдары, воркаут және жылыну

аймақтары кіреді.

Freedom Holding Corp. бас директоры Тимур Турловтың айтуынша, жоба тек спорт инфрақұрылымы емес, тәрбие мен білім беру орталығы болмақ.

– Біздің мақсатымыз – жас спортшыларға арналған жан-жақты дамуға мүмкіндік беретін заманауи орталық құру. Мұнда балалар тек кәсіби спорттық жағдай ғана емес, сонымен қатар, білім алуға, қауіпсіз әрі жайлы өмір сүруге мүмкіндік алады. Біз бұл жерден болашақ ұлттық құраманың мүшелері шығатынына сенеміз, – деді Тимур Турлов.

Сонымен қатар, ол футбол академиясын салуға кеншілер астанасының таңдалу себебін де нақты түсіндірді.

Атап айтсақ, Freedom Holding компаниясының көптеген әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалары осы өңірде жүзеге асып келеді. Оның ішінде, Teach for Qazaqstan білім беру бағдарламасы (6 мыңнан астам оқушы қамтылған), Шахматты мектеп бағдарламасына алғашқылардың бірі болып қосылуы (18 мектепте 700-ге жуық оқушы шахмат оқып жүр) бар.

– Мүмкіндігіміз бар кезде осындай ха-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

лықаралық стандарттарға жауап беретін ауқымды жобаны жүзеге асыруды ұйғардық. Бұл академияда футболға икемі бар ең үздіктер терең білім алатын болады. Балалар – болашағымыз. Олар ертең өсіп кеткен соң бәрі кеш. Қазіргі жасөспірімдердің арасында мүмкін қазақ футболын әлемге танытатын болашақ жұлдыздар жүрген шығар. Сондықтан, идеяны кейінге қалдырмай, жылдам жүзеге асыруға кірістік. Барлық жұмыс ойдағыдай жүрсе, академияны 2027 жылдың басында пайдалануға беру көзделген. Бір айта кетерлігі, жоба жас ұрпақтың ертеңін көздеп отыр. Яғни, жас буынға жағдай жасау. Басты мақсат – осы, – деді Тимур Турлов.

Өз кезегінде облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бұл бастама аймақ спортына серпін беретінін атап өтті.

– Мемлекет басшысы бұқаралық спортты дамытудың ел болашағы үшін аса маңызды екенін бірнеше рет айтқан болатын. Жаңа академия осы бағытта зор үлес қосады деп сенеміз. Ол Қарағанды футболының дамуына тың тыныс беріп, елімізге жаңа есімдер мен жарқын жетістіктер сыйлайды, – деп атап өтті аймақ басшысы.

Шынымен де, Қарағанды – ел футболындағы тарихи оқиғалардың куәсі болған өңір. Бұл – Еуропа лигасының топтық кезеңіне өткен алғашқы қазақстандық клуб – «Шахтердің» туған жері. Сондықтан да, жаңа академияның дәл осы қалада орналасуы – символдық мәнге ие.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Барша балаға тең жағдай

Қарағанды облысында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында білім беру инфрақұрылымын жаңғырту қарқынды жүргізілуде. Бұған дейін кеншілер шаһарында 1 үш ауысымды мектеп болса, 9 білім ошағы жобалық қуатынан асып, шамадан тыс жүктелген. Тағы екі мекеменің ғимараты апаттық деп танылған. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы апатты және үш ауысымды мектептердің мәселесін шешіп, оқушыларға заманауи, қауіпсіз және қолайлы ортада білім алуға мүмкіндік береді.

Ұлттық жоба аясында облыста 2023 жылдан бастап 41,6 млрд теңгеге 7 100 оқушыға арналған 10 мектептің құрылысы жүргізілуде.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Жайлы мектеп»
нені көздейді?

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы идеясын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы ұсынған. Президент бұл жобаға халықаралық Сингапур, Корея, Финляндия тәжірибелерін зерттеу негіз болғанын атады. Оған қоса елдегі демографиялық өсім мен урбанизация да әсер етті.

Мемлекет басшысы Жолдауларында ауыл мен қала мектептері арасындағы сапа алшақтығын жою, үш ауысымды және апатты мектептер мәселесін шешу, білім беру инфрақұрылымын жақсарту қажеттігін бірнеше рет атап өтті. Нәтижесінде «Жайлы мектеп» жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасымен әзірленіп, ұлттық жоба ретінде бекіді.

Бұл идея сапалы білімге тең қолжетімділік, озық технологиямен жабдықтау әрі қауіпсіз әрі инклюзив орта



қалыптастыруды көздейді. Заманауи талаптарға орай мұғалімдер мен оқушылар үшін жайлы жағдай жасау да ұлттық жобаның негізгі бағыты. Жобаны жүзеге асыруға «Samruk-Kazyna Construction» операторы жауапты. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Ғабит Малғаздаров атап өткендей, 2025 жылға дейін елімізде 400-ге жуық жаңа заманауи мектеп салу жоспарланған. Барлығы 369 оқу ошағы бой көтереді. 461 мың оқушыға шақталған ұзын-саңы 217 мектеп қолданысқа берілсе, қалған 151 нысанның құрылысы биыл аяқталады. Қарағанды облысында 2024 жылы 4 400 оқушыға арналған 4 мектептің құрылысы аяқталды.

Қарағандыда
құрылыс қарқынды

Атап айтсақ, Қарағандының «Кендала» шағынауданында өткен жылы №19 мектеп ашылды.

► 4-бет

• БАЙҚАУ

«Үздік педагог» кім?

Елімізде ұстаздарды қолдау мақсатында «Үздік педагог» байқауы басталды. Жеңімпаздарға 1 000 АЕК (3,9 млн теңге) көлемінде мемлекеттік сыйақы қарастырылған. Байқау аясында мұғалімнің білім саласын дамытуға қосқан үлесі, ұстаз қызметінің тиімділігі мен оның кәсіби шеберлігі ескеріледі.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқауға мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері қатыса алады. Конкурс үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – аудандық, қалалық деңгей (8-25 шілде) екінші кезең – облыстық деңгей (28 шілде – 15 тамыз), үшінші кезең – республикалық деңгейде (18 тамыз – 18 қыркүйек) өтеді.

Екі кезеңнің қорытындысы бойынша жоғары ұпай жинаған педагогтер республикалық деңгейге өтеді. Байқауға қатысуға өтінімдерді қабылдау, тіркеу, конкурс құжаттарын тапсыру, бағалау uzdikustaz-nobd.edu.kz веб-порталында жүзеге асады.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Аймақ басшысы ақындармен жүздесті

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев республикалық деңгейде өңір намысын абыроймен қорғап, жеңіс тұғырынан көрінген айтыскер ақындармен арнайы кездесу өткізді.

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Поэзия, музыка, сөз сайысы сынды ұлттық дәстүр тоғысқан атаулы ауқымды мәдени жоба еліміздің суырыпсалма өнерінің шынына шыққан ең үздік ақындарын бір алаңға жинаған еді. Арқа ақындары Түркістан облысының командасымен бірге жоғары деңгейде өнер көрсетіп, бас жүлдені қанжығалады. Бұл өнер мерейі тек шығармашыл адамдарының ғана емес, бүкіл Қарағанды жұртшылығының рухын көтерген, аймақтың мәдени әлеуетін айқын көрсеткен айтулы жетістік болды.

Еске сала кетейік, айтулы дода – «Маңғыстау – түркі мәдениетінің төрі» атты республикалық бастаманың аясында жүзеге асқан ауқымды жоба. Екі жылға жуық



озық үлгісін көрсетті. Әр тармақ, әр теңеу, әр мақам ел жүрегін қозғап, көрермен көңілін тербетті.

Ермағанбет Бөлекпаев айтыскер ақындарды айрықша жеңісімен құттықтап, толайым табыстың жай ғана шығармашылық жетістік емес, тұтас аймақтың рухани болмысын айшықтайтын елеулі оқиға екенін атап өтті.

Облыс командасы тек суырыпсалма өнердің ғана емес, ұлттық рух пен асқақ арманның жаршысы бола білді. Жыр жеңісі

халық қолдауының жемісі деп бағалады.

– Өнер додасы рухани болмысымызды, ұлттық ділімізді танытатын арқалы алаңға айналды. Ақтық сынға елдің ең үздік командалары жиналды. Солардың арасынан дара шығып, топ жару – зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік. Өз кезегімізде біз арнайы сахналық костюмдер дайындап, әрбір образды, сөз бен қимылды жіті ойластырдық. Ең бастысы, туған жердің демеуін, халықтың



уақытты қамтыған айтыс марафоны ел аумағындағы бірнеше кезең арқылы өрбіп, шешуші сәті Ақтауда қорытындыланды. Сөз сайысында Қарағанды облысының командасы мазмұнды да әсерлі өнерімен дараланды. Жыр додасына тыңғылықты дайындықпен келген ақындар терең ой, ұлттық рух, заманауи серпін мен сахна мәдениетін ұштастыра отырып, көпшіліктің қошеметіне бөленді.

Қазылар алқасы Арқа шайырларының шебер сөз саптауы, ойлы орамдары мен сахналық мәдениетін айрықша бағалады. Арқаның арқалы ақындары суырыпсалма шешендік, көркемдік тәсіл мен музыкалық үйлесімді бір арнаға тоғыстырып, өнер мен өнегенің

– ұлттың ұлы мұрасын ұлықтап, жас ұрпақты дәстүрлі өнердің мәйегіне сусындатып, соған қызығушылық оятатын бағалы үлес. Бабадан бүгінге жеткен асыл өнерді заман ағымымен үйлестіре отырып, оны бүгінгі ұрпақ сана-сына сіңіру – баршамыздың ортақ парызымыз. Облыс жұртшылығының атынан айтыс алаңында айшықты өнер көрсеткен ақындарға шынайы алғысымды білдіремін. Сіздер – ұлы өнердің аманатын аркалап, елдің рухын асқақтатып жүрген абзал азаматтарсыздар, – деді аймақ басшысы. Команда капитаны, «Арқа» ақындар мектебінің жетекшісі Айтбай Жұмағұлов бұл жеңісті жүйелі еңбектің, рухани тұтастықтың және

сенімін, ата-баба рухының қуатын сезіндік. Соның арқасында сенімді, шынайы өнер көрсеттік, – деді Айтбай Жұмағұлов. Жігерлі жеңіс Қарағанды өңірінде айтыс пен дәстүрлі өнер мектебінің биіктігін, рухының мықтылығын тағы бір мәрте айқын дәлелдеді.

Ал, қарағандылық айтыскерлер командасы енді хакім Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай өтетін республикалық айтысқа тастүйін дайындықты бастап та кетті. Елдің рухын көтеріп, хакімнің асыл сөзін насихаттайтын дүбірлі дода – ұлттық болмысты бекемдейтін өнер мерекесі болмақ.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

• ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

Екі ел арасындағы диалог

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Чех Республикасы Парламенті Мәжілісінің вице-спикері Ян Бартошекпен маңызды кездесу өткізді. Аталмыш кездесу барысында тараптар екі ел арасындағы экономикалық және мәдени ынтымақтастықты одан әрі нығайту, сондай-ақ тарихи және мәдени мұраларды жаңғырту мәселелерін жан-жақты талқылады.

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Чех делегациясы орталық облысқа ресми сапармен келді. Кездесу барысында өнеркәсіп, логистика, білім беру және гуманитарлық саладағы өзара тиімді іс-қимыл мүмкіндіктері кеңінен талқыланды.

– Қарағанды облысы – еліміздегі ең ірі индустриялық өңірлердің бірі. Өңдеу өнеркәсібінің көлемі бойынша республикада көш бастап келеміз. Бүгінде біздің өнімдеріміз 50-ден астам мемлекетке экспортталуда. Алайда, Чехиямен арадағы тауар айналымы қазіргі уақытта қажетті деңгейде емес. Осы бағытта зор әлеует бар, біз оны бірлесе жүзеге асыруға дайынбыз, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев делегация мүшелеріне.

Өңір басшысы Қарағанды облысының геостратегиялық орналасуын атап өтті. Аймақ Азия мен Еуропа арасындағы ірі транзиттік хаб бола отырып, логистикалық әріптестікке кең жол ашады.

Чех делегациясының басшысы Ян Бартошек өз кезегінде Қазақстан мен Чехия арасындағы екіжақты қарым-қатынастар



ды тереңдетуге тұрақты түрде мүдделі екенін әрі нақты ынтымақтастық нүктелері қазірдің өзінде айқындалғанын атап өтті. Оның айтуынша, білім беру саласы – ынтымақтастықтың маңызды бағыттарының бірі. Өйткені, қазіргі таңда Чехияда үш мыңнан астам қазақстандық студент білім алууда.

– Сапарымыздың негізгі мақсаты – тек экономикалық байланыстарды нығайту ғана емес, сонымен бірге, тарихи әділдікті қалпына келтіру. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде тұтқынға түсіп, Қарағанды облысының аумағындағы арнайы лагерлерде болған чех азаматтарының тағдырын тереңірек зерттеудеміз. Зерделі зерттеулердің басты мақсаты – олардың жерленген орындарын анықтап, тарихи жадымызды құрметтеу, оларды еске алу. Бұл біздің қасиетті борышымыз, – деп атап өтті Ян Бартошек. – Әлбетте, Қазақстан тарапы Чехия жерінде қаза тапқан жа

уынгерлер туралы мәліметтерді іздестіруде біздің жан-жақты қолдауымызға үміт арта алады, біз әрқашан көмек көрсетуге әзірміз.

Кездесу соңында Ермағанбет Бөлекпаев Қарағанды облысының халықаралық әріптестікке әрқашан ашық екенін және әртарапты ынтымақтастыққа дайын екенін ерекше атап өтті.

– Тарихи жадыны сақтау мәселесінде біз барлық қажетті қолдауды көрсетуге әзірміз. Бұл біздің ортақ тарихи және мәдени құндылықтарымызды бағалаудың маңызды қадамы болар еді. Облыс экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше мүдделі. Біз екі ел арасындағы байланыстарды тереңдету мен одан әрі нығайту үшін барынша күш-жігерімізді салуға дайынбыз, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан



• ЖОБА

«Жайлауға» шығып жайланып...

Осакаров ауданында соңғы екі жыл ішінде жергілікті тұрғындарды жайылымдық жермен қамтамасыз етуге бағытталған «Жайлау» жобасы табысты әрі жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Аталған жоба ауыл шаруашылығын дамытумен қатар, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға зор үлес қосуда. Ең алдымен, бұл бастаманың игілігін Сарыөзек, Қарағайлы және Көлді ауылдық округтерінің тұрғындары көре бастады. Осы үш елдімекенде қоныс жайылымы ретінде жалпы көлемі 10 500 гектар жер бөлініп, пайдалануға берілді.

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Жайылым мен шабындық жердің тапшылығы – тек біздің ауданға ғана тән мәселе емес, бұл бүкіл ел аумағында өзекті болып отыр, – дейді Осакаров ауданы әкімінің орынбасары Береке Есіргөпов. – Ауыл тұрғындары осы түйткілді жні көтеріп келеді. Осыған орай, біз нақты шараларды қолға алдық. Бірінші кезекте, пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, жер телімдерін тиімді бөліп, әрі әділетті бөлу мақсатында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалып, олардың иелігіндегі жер телімдерін уақытша пайдалануға беру мәселесі оң шешімін табуда.

Барлық жайлау аумақтарында мал ұстауға қажетті инфрақұрылым толығымен қамтамасыз етілді: құдықтар қазылып, желден, күннен қорғайтын қалқалар мен уақытша тұруға арналған вагондар орнатылды. Сондай-ақ, мал суаруға арналған арнайы ыдыстар қойылып, электр қуатын қамтамасыз ету үшін генераторлар сатып алынды.

– Сарыөзек ауылдық округінде ірі қара мал ұстамайтын үй кемде-кем. Біз жайылымдық жер мәселесін бірнеше жылдан бері көтеріп келеміз, – дейді ауыл тұрғыны Манарбек Досымханов. – Жайлау бөлініп, халыққа қолжетімді бола бастағанда бәріміз қатты қуанып қалдық. Қазір ауылда тек сауын сиырлар ғана қалды, ал, қалған мал түгелдей жайлауға шығарылды. Жайлауда кезекпен бағып, бірлесе еңбек етудеміз.

Өткен жылы «Жайлау» жобасы Шідерті ауылдық округі аумағында да табысты жүзеге асырылды. Жоба аясында «Тайбұрыл-НК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі меморандум негізінде 2 000 гектар жайылымдық жерді ауыл тұрғындарының ортақ пайдалануына берген. Бүгіндегі кең алқапта Ақбұлақ ауылдық округі, Жастар кенті және Шідерті округінің тұрғындары өз малын жайылымға шығарып, жобаның нақты пайдасын көріп отыр.

– Мен Ақбұлақ ауылында тұрамын. Біздің отбасымыз үшін



«Жайлау» жобасы – үлкен қолдау мен мүмкіндік, – дейді ауыл тұрғыны Мишириза Бұғай. – Бұрын мал ұстау қиынға соғатын. Қазір барлық ірі қараны жайлауға айдап, жайлы әрі кең ортада бағуға мүмкіндік алып отырмыз. «Жайлау» жобасы аясында жайылымдық жерлер саны жыл санап артып келеді. Нияз ауылдық округінде де бұл бастама қолдау тауып, 3 100 гектар жерге

жайылым ұйымдастырылды. Ал, биылғы жылы «Жайлау» жобасы Есіл ауылдық округінде де табысты іске асырылды. Көктем шыға округ бойынша үш жарым мыңнан астам бас мал арнайы бөлінген жайылымдық аумақтарға шығарылып, мал иелеріне үлкен жеңілдік жасалды.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

• ӨЗЕКТІ

Есің болса, есірткіге жолама!

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына орай елімізде есірткі қылмысына қарсы күрес күшейтіліп, жүйелі әрі кешенді сипат алды. Атап айтсақ, 1 маусымнан бастап, республика көлемінде «Қарасора – 2025» атты кең ауқымды арнайы операция басталды. Географиялық тұрғыдан еліміздің дәл жүрегінде орналасқан Қарағанды облысы бұл күресте маңызды рөл атқарады. Өйткені, аймақ транзиттік дәліз ретінде есірткі трафигіне бейім болуы мүмкін. Осыған байланысты өңірде операцияға ерекше маңыз беріліп отыр.



Қолжазба жасаған Аруншай Қоңғаров

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Географиялық ерекшеліктер ескерілді

Қарағанды облысы – еліміздің солтүстігі мен оңтүстігін, батысы мен шығысын байланыстыратын маңызды геостратегиялық нүкте. Көршілес елдерге баратын магистральдар мен жүрежелдер дәл осы өңір арқылы өтетіндіктен, есірткі тасымалы үшін де ыңғайлы маршрут ретінде қарастырылуы ықтимал.

Осы себепті, облыстық полиция департаменті есірткіге қарсы іс-қимылға ерекше назар аударып, қатаң бақылау жүйесін жолға қойған.

Операцияның үйлесімді және тиімді өтуі үшін құрамына Жергілікті полиция қызметі, Ұлттық ұлан, кинологиялық қызмет және арнайы бөлімшелер кіретін 150-ден астам полиция қызметкері жұмылдырылған.

Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Әбіл Әбділиннің айтуынша, операция аясында есірткі айналымын азайту ғана емес, сонымен қатар, алдын алу және жасөспірімдер арасындағы есірткіге қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін бар ресурс қолданылады.

– Біздің күш-жігеріміз қылмыскерлер мен құқықбұзушыларды анықтап, ұстаумен шектелмейді. Қоғамда саламатты өмір салтын насихаттау – тағы бір маңызды бағытымыз, – деді Әбіл Әбділин.

Екі жасырын зертхана әшкереленді

Дерекке сүйенсек, операция басталғалы облыс аумағында барлығы 28 есірткіге қатысты құқықбұзушылық тіркелген. Оның ішінде, 13 қылмыстық теріс қылқы және 15 ауыр есірткі қылмысы анықталған.

Осакаров ауданының Батпақ ауылында және Шахтинск қаласының Солтүстік-Батыс кентінде екі жасырын есірткі зертханасы табылып, олардың қызметі толық тоқтатылды.

Аталған зертханалардан есірткі дайындауға арналған 8 тоннадан және 35 килограмнан астам арналған химиялық заттар тәркіленді. Қара нарыққа әлі түспеген дайын өнім де айналымнан шығарылды.

Заңсыз зертхана ұйымдастырғаны үшін төрт адам ұсталды. Оларға 15 жылдан 25 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы мүмкін.

Сонымен қатар, құрамында есірткі бар өсімдіктерді заңсыз өсіруге байланысты 5 дерек тіркелді. Заңсыз айналыммен айналысқаны үшін 15 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Олардың арасында 2 әйел және 2 көмелетке толмаған жасөспірім де бар.

Бұл жағдай, әсіресе жазғы демалыс кезеңінде жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізудің маңыздылығын тағы бір мәрте еске салады.

Алдын алған абзал

Полиция департаменті өзге де мемлекеттік органдармен және мекемелермен тығыз әріптестікте 26 мамыр мен 26 маусым аралығында облыс аумағында Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне орай арнайы айлық өткізді.

Онда 9 түрлі форматтағы іс-шара ұйымдастырылып, 177 мыңнан астам адамды қамтыды. Мұндағы басты мақсат – жастар арасында саламатты өмір салтын қалыптастыру, есірткінің зияны туралы жан-жақты ақпарат беру.

Айлық қорытындысы ретінде Қарағанды қаласында кең көлемді есірткіге қарсы акция өтті. Оған шығармашылық және спорттық ұжымдар, жергілікті билік пен қоғам белсенділері қатысты.

Сонымен қатар, оқушылар мен студенттерден құралған еріктілер тобы 21 рейд ұйымдастырып, наркотрафити жазуларын жойды. Бұл бастама жастардың өз ортасындағы зиянды үгіт-насихатқа бейжай қарамайтынын көрсетеді.

Полиция департаменті атааналарды жазғы демалыс кезінде балалардың бос уақытын тиімді әрі қауіпсіз өткізуін қадағалауға бейжай қарамайтынын көрсетеді.

«Көмелетке толмағандардың есірткі құралдарымен заңсыз айналысуы – ауыр қылмыс. Мұндай әрекеттер үшін де қылмыстық жауапкершілік қарастырылғанын естен шығармаған жөн», – дейді Әбіл Қалиақпарұлы.

Ұстай алмасақ, қасірет...

«Дін ұстай алсаң – қасіетің, ұстай алмасаң – қасіретің» деген сөз бар. Бүгінде сол қасіетіміз қасіретімізге айналып бара жатқанға ұқсайды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық Құрылтайдың IV отырысында сөйлеген сөзі – айтқанымызға дәлел. Осылайша мәселе Ұлттық Құрылтайдың мінберінде көтерілді, негізсіз емес. Облыстық дін істері басқармасы мамандарының ресми дерегіне сүйенсек, аймақта дін ахуал тұрақты. Бұл бытыр өңірімізде жүргізілген әлеуметтік зерттеудің нәтижелері және динамикалық өзгерістердің салыстырмалы талдауында анықталған.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл күнде облыстық дін істері басқармасы аймақтағы дін ахуалды тұрақты қалпында сақтау үшін бірнеше бағытта жұмыс атқаруда. Басты бағыттың бірі – ақпараттық түсіндіру жұмысы. Себебі, деструктивті және радикалды діни ұйымдар жастарды өз қатарына қосу үшін әлеуметтік желілерді пайдаланады. Сондықтан да, әлеуметтік желілерге жүйелі түрде мониторинг жасайды. Ал, теріс ағымдардың торына түскендерді қоғамға қайтару үшін оңалту жұмыстары жүргізіледі. Дини бірлестіктер мен ғибадат үйлері де басқарма мамандарының бақылауында.

Облыстық дін істері басқармасының бөлім басшысы Сұлтан Рымқұлов діни бірлестіктер мен филиалдардан тұратын конфессиялардың, ғибадат үйлерінің нақты санын айтты.

– Облыс аумағында ресми тіркелген 285 діни бірлестік пен филиалдардан тұратын 15 конфессия бар. Сонымен қатар, 234 ғибадат ғимараты және 17 ғибадат бөлмесі жұмыс істейді. Конфессияаралық келісімді нығайту және дін саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнаманы сақтау мәселелері жөніндегі діни бірлестіктермен өзара қарым-қатынас облыстық діни бірлестіктер клубы арқылы жүзеге асырылады. Құрамына

Құрылтай мүшелері Дания Қыдырбаева және Олжас Сүлеймен жат діни ағымдардың жастар арасында, әсіресе спорт саласында ықпалы күшейіп бара жатқанын айтты. Теріс ағымдарға, қазақтың болмысына жат идеологияларға тосқауыл қою қажет екеніне еш күмән жоқ. Елімізде дін бостандығына кепілдік берілген. Бірақ жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке жол беруге болмайды. Діннің аса маңызды миссиясы – ұлтты ұйыстыру. Дини ұйымдардың қызметін реттейтін құжаттар осы талапқа сай болуға тиіс. Бұл мәселені жан-жақты қарау керек. Соның ішінде заңнаманы жаңа жағдайға бейімдеп отыру өте маңызды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ
Ұлттық Құрылтайдың IV отырысында
сөйлеген сөзінен



Сурет ашық дереккөзінен

14 конфессияның өкілдері кіреді, – деді Сұлтан Рымқұлов.

Діни бірлестіктер клубының мүшелері мемлекеттік мерекелерді атап өтуге, түрлі форматтағы іс-шаралар кешенін, диалогтық кездесулерді ұйымдастыруға, сонымен қатар, қайырымдылық акциялары мен мәдени шараларға белсене атсалысады екен.

Әдістемелік ұсыныстарға сәйкес ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бірнеше бағытта. Дін саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру, Қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтарын насихаттау, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу және «Тәуекел топтары» деп аталатын арнайы белгіленген ортада жалпы алдын алу жұмысын ұйымдастыру.

Мемлекеттік дін саласындағы саясатты түсіндіру, діни экстремизмнің алдын алу, сонымен қатар, деструктивті діни идеологияға қосылуға бейім жастар арасында құқықтық және діни сауаттылықты арттыру мақсатында облыс бойынша 14 ақпараттық-түсіндіру тобы жұмыс істейді.

Ақпараттық-түсіндіру жұмысының назарына жұмыссыздар,

өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, әлеуметтік осал топтағы азаматтар, маргиналды топ өкілдері, жазасын өтеп жатқан және пробация қызметінде тұрған азаматтар, сондай-ақ, олардың жақын туыстары, басқа этнос өкілдері, еңбек мигранттары, вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар және басқа да нысаналы топтар алынады.

Мамандардың дерегіне, «Интернет желісінде терроризм мен діни экстремизмді насихаттауға қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды күшейту жөніндегі жол картасын іске асыру шеңберінде «Контр» ақпараттық жүйесіне 295 түрлі форматтағы материалдар жүктелген.

Аналитикалық интернет картасы ақпараттық жүйесінің деректеріне сәйкес 2025 жылдың басында жасалған мониторинг нәтижесінде заңсыз контенттерге қызығушылық танытқан пайдаланушылар саны 24 012 адамға жеткен (Вконтакте – 6497, Instagram – 17515). Жауапты мамандар олардың барлығымен тиісті жұмыстарды атқарған.

Жыл басынан бері радикалды уағызшылар тарапынан әлеуметтік желілерге жүктелген 245 материал бұғатталыпты.

Жеткіншек қылмысқа неге үйір?

Жасөспірімнің тәртібінен оның айналасындағы, отбасындағы, мектебіндегі жағдайды байқауға болады. Өйткені, олардың мінез-құлқы мен өмір салты арқылы қоғамның әлеуметтік ахуалы, отбасылық құндылықтары мен білім беру жүйесінің деңгейі көрініс табады. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу мәселесі өзекті болып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында балалардың амандығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттің басты міндеттерінің бірі екенін, олардың құқығы мен қауіпсіздігіне селқос қарауға жол берілмеуі керектігін үнемі ескертеді. Президенттің осы тапсырма аясында облыста балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алуға ден қойылған.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құқықбұзушылық динамикасы қандай?

Дерекке сүйенсек, 2025 жылдың алғашқы 6 айының қорытындысы бойынша облыс аумағында көмелетке толмағандар тарапынан 45 қылмыс жасалған. Құқық қорғау органдарының деректеріне сәйкес, қылмыс жасаған 28 жасөспірім ұсталған (2024 жылы – 32). Олардың ішінде мектеп оқушылары – 9 (өткен жылы – 3), колледж студенттері – 17 (2024 ж. – 15), жоғары оқу орындарының студенттері – 1 (2024 жылы – 6), жұмыссыз және еш жерде оқымайтын – 1 жасөспірім бар. Бұл көрсеткіштер мектеп пен колледждерде тәрбие жұмысының қазіргіден де жүйелі жүргізілуі қажеттігін көрсетіп отыр.

Қала тұрғыны, төрт баланың анасы Ләззат Әминқызы жасөспірімдер арасындағы қыл-

мысқа алаңдаулы екенін айтады.

– Соңғы кезде жаңалықтардан балалардың құқық бұзғанын, түнгі уақытта көшеде жүргенін жиі еститін болдық. Бұл – бәріміз үшін дабыл қағатын мәселе. Балаға ең бірінші тәрбие отбасынан берілуі керек. Ата-ана баласының кіммен араласатынын, қайда жүргенін, немен айналысатынын бақылап отыруға міндетті. Бәрін мектепке немесе полицияға ысырып қою дұрыс емес. Қоғам боп жұмылмасақ, бұл мәселе ұшыға береді. Өзім балаларыммен үнемі сөйлесіп, сенімге негізделген қарым-қатынас орнатуға тырысамын. Себебі, тәрбие – шектеу емес, түсіндіру мен қамқорлықтан тұрады, – дейді ол.

Облыстық полиция департаментінің мәліметінше, қазіргі уақытта жеке профилактикалық жұмыстарға ерекше назар аударылууда. Көмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлар оқу орындарымен бірлесіп, девиантты мінез-құлықты бала-



Қолжазба жасаған Аруншай Қоңғаров

ларды арнайы білім беру ұйымдарына анықтап, жолдауды қамтамасыз етуде.

Жыл басынан бері Тараз және Алматы қалаларындағы арнайы мектептерге – 9 жасөспірім, Шығыс Қазақстан облысындағы ерекше режимдегі арнайы мектепке – 1 жасөспірім жіберілген.

Бұл шаралар әлеуметтік қауіп-қатері жоғары балаларды дер кезінде оқшаулап, олармен мақсатты тәрбие жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

Жасөспірімдердің түнгі уақытта заңды өкілсіз көшеде жүруі әкімшілік құқық бұзушылықтардың ең көп тараған түрі болып отыр. Нақтырақ айтсақ, есептік кезеңде 2 714 ата-ана көмелетке толмағандардың сағат 23:00-ден

кейін жалғыз жүруіне жол бергені үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Сонымен қатар, 62 ойын-сауық орнының иесі жасөспірімдерді түнгі уақытта қабылдағаны үшін жазаланыпты.

Полиция департаменті бұл бағыттағы бақылауды күшейтіп, жасөспірімдердің түнгі өміріне тосқауыл қою мақсатында рейдтік іс-шараларды жиі өткізіп келеді.

Қауіпсіздік қаперден шықпауы тиіс

Жаз мезгілінің басталуымен облыс аумағында балалардың бос уақытын қауіпсіз әрі мазмұнды өткізу үшін кешенді жұмыстар атқарылууда. Биыл 9 қала сыртындағы

лагерьде (оның ішінде 1 – ұлттық киіз үйлі лагерь) 11 мыңнан астам балаға демалыс ұйымдастыру жоспарланған.

Сонымен қатар, 288 мектеп жанындағы лагерьде 30 мыңнан астам оқушыны қамтып отыр.

Балалар лагерьде демалып қана қоймай, пайдалы ақпараттарға да ие болады. Ол үшін ювеналды полиция инспекторлары тәулік бойы кезекшілік атқарып, балалармен құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүргізуде.

Бұған қоса, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, балаларды демалыс орындарына тасымалдау кезінде арнайы патрульдік көліктермен



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

ілесіп жүру ұйымдастырылғанын атап өткен жөн.

Облыстық полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Бағдат Кәкімовтің айтуынша, осы жылдың 6 айында облыс аумағында бірқатар қайғылы оқиға орын алған.

– Атап айтсақ, 18 жас бала тереңден құлап кеткен. Оның ішінде, 2 жағдай өліммен аяқталған. Одан бөлек, 7 бала су айдынында (рұқсат етілмеген жерлерде) батып кеткен, – дейді Бағдат Кәкімов.

Осыған орай, учаскелік инспекторлар мен төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері бірлесіп, жағалау аймақтарын патрульдеу, рұқсат етілмеген жерлерді аралау, тұрғындармен түсіндіру жұмыстары мен нұсқаулықтар жүргізу шараларын белсенді жүргізіп жатыр.

– Балалар – ел болашағы. Олардың амандығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету – қызметіміздің басым бағыты. Әсіресе, жазғы демалыс кезінде балалардың бос уақыты қауіпсіз әрі тиімді өтуі үшін бар күшімізді салудамыз. Құқықбұзушылықты тыюдың ең тиімді жолы – жүйелі профилактика. Біз ата-аналармен, оқу орындарымен, жергілікті атқарушы органдармен тығыз байланыста жұмыс істейміз, – деп толықтырды Бағдат Кәкімов.

Барша балаға тең жағдай

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мемлекеттік тілде оқытатын 2000 орынға есептелген білім ошағында 49 сынып-жиынтық жұмыс істейді. Мектепті педагогикалық кадрлармен жасақтау үшін 121 педагог жұмысқа қабылданған. Оның 81-і конкурс бойынша келсе, 40-ы басқа мектептерден ауысты.

Өңірде сондай-ақ, өткен жылы ақпаннан мемлекеттік тілде оқытатын 1200 орындық «Көгілдір тоғандар» шағынауданындағы №24 мектепте білім беру жұмыстары басталды. Мектепті педагогикалық кадрлармен жасақтау үшін 40 педагог жұмысқа қабылданды. Оның 25-і конкурс бойынша, 15-і басқа мектептерден ауысып келді. Бүгінгі күні мектеп білім басқармасының балансына беріліп, рұқсат құжаттарын алу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Ал, «Гүлдер» шағынауданындағы №28 мектеп мемлекеттік тілде оқытатын 300 орынға есептелген. Онда 24 сынып ашу жоспарда. 1-4 сыныптар үшін 10 сынып (250 оқушы), 5-9 сыныптар үшін 10 сынып (250 оқушы) және 10-11 сыныптар үшін 4 сынып (100 оқушы) ашу көзделіп отыр. Жинақтау 600 оқушыны ауыстыру арқылы жүргізілмек. Десек те, құрылыс жұмыстарына орай мектеп білім басқармасының балансына әлі берілген жоқ.

Сол сияқты Балқаштағы 900 орынға есептелген мектепте оқушыларды мемлекеттік тілде оқыту көзделген. Алайда, мектеп білім басқармасының балансына әлі берілген жоқ. Балқаш қаласы білім бөлімі ұсынған мәліметке сүйенсек, алдағы уақытта 36 сынып ашу жоспарланып отырғандықтан, жинақтау жақын маңдағы мектептер аясында жүргізіледі. Осы орайда 2 мектептен 800 оқушыны (100 оқушыны 1 сыныпқа және 700 оқушыны 2 сыныптан 11 сыныпқа дейін) ауыстыру жоспарланған.

Қалған 6 мектепті «Samruk Kazyna Construction» АҚ аппараты бойынша биыл аяқтау көзделген. Нақтылай өтсек, биыл Нұра станциясындағы 300 орындық мектепте 22 сынып ашылады. Жинақтау 198 оқушыны мектептен ауыстыру арқылы жүргізіледі. Мектепке конкурс негізде қабылдау жолымен ауыстыру жоспарланып отырған 40 педагог қажет.

Ал, Бұқар жырау ауданы Доскей ауылындағы 300 орындық



мектеп 15 сынып ашылады. Жинақтау 300 оқушыны мектептен ауыстыру арқылы жүреді. Мектепті педагогикалық кадрлармен жасақтау үшін 39 педагог қажет.

Ұлттық жоба аясында сондай-ақ биыл Бұқар жырау ауданы Үштібе ауылында 300 орындық мектеп, Шет ауданы Ақсу-Аюлы кентінде 300 орындық мектеп, Сейфуллин кентінде 300 орындық мектеп ашылады. Биыл жұмысын бастайтын Қарағандының «Таугүл» шағынауданында 1200 орындық мектепте 48 сынып ашу жоспарланған. Оқушыларды мектепке тарту жұмыстары жақын маңдағы №№101, 104,




102, 39 мектептерден және жаңа шағынаудандардан балаларды қабылдау жолымен жүргізеді. Алдағы уақытта мектепті педагогикалық кадрлармен жасақтау үшін 92 педагог қажет.

Білімдегі теңсіздік жойылады

Облыстың білім басқармасының басшысы Гүлбакыт Серікжанқызының айтуынша, барлық мектептер бірыңғай стандарт бойынша салынады. Білім ғимаратында заманауи пәндік кабинеттер, STEM-зертханалар, роботтехника кабинеттері, спорт және тренажер залдары болады. Мүгедектігі бар балалар үшін кедергісіз орта құру да ұлттық жоба аясындағы мектепті салуда басты ұстанымның бірі ретінде ескеріледі.

– «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы ауыл мен қала арасындағы



териалдық-техникалық базаны біріздендіріледі. Оған қоса үш ауысымды және апатты мектептердің мәселесін шешу әрі жаңа білім беру технологияларын барлық мектептерге бірдей енгізу де жоспарда бар.

«Жайлы мектеп» – тек жаңа ғимарат емес, бұл оқыту сапасын теңестірудің тетігі екенін түсінген жөн. Осы арқылы қала мен ауыл оқушысы арасындағы білім беру алшақтығы біртіндеп жойылады. Жергілікті өнімдерді құрылыспен жабдықтауда отандық өнімдер, оның ішінде қарағандылық бетон, арматура, еден плиталары, оқшаулау материалдары және жиһаздар пайдаланылады, – дейді Гүлбакыт Серікжанқызы.

Басқарма басшысының айтуынша, алшақтықты жою жолдары

заманауи инфрақұрылым арқылы жүзеге асады. Ауылда салынатын мектептер де қаладағы мектептердегідей смарт кабинеттер, STEM-зертханалар, IT-сыныптары бар бірдей стандартпен жабдықталады. Спорт, мәдениет және шығармашылық бағыттағы үйірмелер ауыл балалары үшін де қолжетімді болады.

Кәсіби маманға қандай талап қойылады?

«Жайлы мектепте» жұмыс істегісі келген білікті педагогтар «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы арқылы ауылдық мектептерді де таңдай алады. Мамандар үшін сандық теңдік сақталады. Яғни, ауыл мектептері интернет және цифрлық құралдармен жабдықталатын

күзлік, диплом (қосымшасымен), санат болған жағдайда оны растайтын құжат әрі медициналық анықтамалар болғаны жөн.

Конкурс негізіндегі іріктеуде кандидаттар әңгімелесу және құзыреттілік деңгейі бойынша бағаланады. Кей мектептерде пәндік тестілеу, педагогикалық жағдайларға жауап беру сияқты тапсырмалар берілуі мүмкін.

Жалпы ұстаздардың «Жайлы мектепте» қызмет атқаруы үшін педагогикалық жоғары білімімен қатар компьютерлік сауаттылығы жоғары болуы міндетті.

Мамандар сондай-ақ, жаңа форматтағы білім беру әдістерін меңгерген (STEM, критериалды бағалау, цифрлық платформалар) болуы тиіс.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

Жалынды жасқа сыйлық бар

Қазақстанда құтқарушыдан бастап, IT қызметкерге дейінгі түрлі мамандықтарды қамтитын **Жас Кеңес Сыйлығы** жастар сыйлығына өтінімдер қабылдау жалғасуда. Сыйлық өткен жылы Президент жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңеспен бекітіліп, аталымдар саны жағынан да, қатысушылар тарапынан да өсім көрсетті.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өтінімді 20 шілдеге дейін jas-kenes.kz сайтында беруге болады. Он аталымның әрқайсысында ескіден – жиырма жеңімпаз анықталады. Әрқайсысына миллион теңгеден ақшалай сыйлық беріледі.

Айта кеткен жөн, сыйлыққа 35 жасқа дейінгі азаматтар үміткер бола алады. Сыйлықты, оның ішінде, әртүрлі номинациялар бойынша қайта өтінім беруге жол берілмейді.

Қарағанды облысы Жастар ресурстық орталығының ақпараттық саясат және коммуникация бөлімінің басшысы Асман Қабегенов биыл жаңа бағыттар қосылғанын айтады.

– Аталымдар саны жетіден онға дейін ұлғайды. Оған түрлі мамандық иелері кіреді. Бұл – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, креативті индустрия, атом және ауыл шаруашылығы салалары, жұмысшы мамандықтары. Байқау үш кезең бойынша өтеді. 35 жасқа дейінгі жас мамандар – ғалымдар, дәрігерлер, педагогтар, энергетиктер, еріктілер, құрылысшылар, әлеуметтік сала қызметкерлері және басқалар қатыса алады, – дейді Асман Қабегенов.

Үміткерлерді жастар кеңесінің мүшелері, яғни, өз салаларында кәсіби тәжірибесі бар сарапшылар бағалайды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл іріктеудің ашықтығын қамтамасыз етеді. Әр кезең туралы ақпарат кеңестің Instagram-дағы ресми парақшасында жарияланады.

Жас Кеңес Сыйлығы кәсіби біліктілігін белсенді азаматтық ұстаныммен біріктіре алғандарға беріледі.

Атап айтсақ, ішкі істер органдарының және қарулы күштерінің қызметкерлері «Janqırlıq», орта, кіші медициналық персонал (жедел медициналық көмек, акушерлер,

санитарлар және т.б.) және дәрігерлері «Altyn jürek», ал, өңдеуші өнеркәсіптің, тау-кен металлургия кешенінің және экономиканың басқа да өндірістік секторларының қызметкерлері «Önerkäsır» сыйлығымен марапатталады.

Сондай-ақ, арнайы қызмет көрсететін инклизивті оқу орталықтарының, әлеуметтік қызмет көрсететін ұйымдардың (балалар үйлері, хосписстер, қарттар үйлері, мүгедектігі бар адамдарды қолдау орталықтары және т. б.), сондай-ақ, еріктілер үшін «Bolaşaq turaly qatmqoııuq» сыйлығы ұсынылады.

Мектепке дейінгі, орта, ТЖКБ, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелерінің педагогтарына, сондай-ақ ғалымдарға, ғылыми қызметкерлерге және зерттеушілерге «Bılm және Ǵılym», авариялық-құтқару қызметтерінің, өрт сөндірушілердің және азаматтық қорғау жүйесінің өзге де ұйымдарының қызметкерлеріне «Qaisaq» сыйлығы беріледі.

Сырлаушы, сантехник, құрылысшы және т.б. жұмысшы мамандықтарының қызметкерлері, сондай-ақ ПИК, МИБ және елдімекендердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге жауапты өзге де ұйымдардың қызметкерлеріне «Altyn qol» аталымы табысталады.

Сайыста «Zharyq» сыйлығы – энергетика секторының, атом өнеркәсібінің, мұнай-газ кәсіпорындарының қызметкерлеріне, «Өкпен» сыйлығы агроөнеркәсіптік кешен, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және тамақ өнімдерін өндіру саласының қызметкерлеріне беріледі.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (оның ішінде ЖИ, деректерді талдау және т.б.) және креативті индустрия саласының қызметкерлеріне «Öleu» сыйлығы ұсынылады.

ГРАНТ

Әрекетке – берекет

Елімізде мектепке дейінгі білім беру – күні бүгінге дейін өзекті мәселенің бірі. Балабақшаларда орын саны жеткіліксіз, не болмаса материалдық-техникалық базасы толық жабдықталмаған секілді әртүрлі жағдай кездесуі мүмкін. Нұра ауданының орталығында әуелден жұмыс істеп келе жатқан екі балабақша бар. Әйткенмен, бала саны тығыз. Осы түйткілді мәселенің түйінін тарқатқан жақында ашылған «Балажан» балабақша-бөбекжайы деуге негіз бар.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысының тапсырмасы – арнайы бағдарламалар арқылы балабақшамен қамту мәселесін шешу. Аудан әкімшілігі тарапынан бөлінген гранттың есебінен, кәсіпкерлер біртіндеп бұл мәселенің де алдын алу жолында қызмет етіп келеді. Солардың бірі – Нұра ауданының тұрғыны Бактияр Рысжанов.

Кәсіпкер Бактияр Нәсіпбекұлы сәуір айында «Балажан» атты жекеменшік бөбекжай-балабақшасын ашты. Қазір ауданда әлеуметтік кәсіпкерлік кең қанат жайып келеді. Екі жылға жуық уақыт бұрын ол аудан әкімінің 400 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік грант иегері атанды. Бұл қаражатқа «Кемелер» балаларды дамыту орталығын ашып, жеткіншектердің білімін жетілдіріп, біліктілігін арттыруда. Орталықта балаларға жылдам оқу курсы, логиканы арттыру, мектепке дейінгі дайындық курсы, нейро бала, каллиграфия секілді оқу бағдарламалары қарастырылған.

– Осыдан екі жыл бұрын жеңіп алған 1 млн 400 мың теңге қаражатты оқыту орталығына жұмсадым. Ашылған соң құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, ішін безендіріп, заман үйлесіміне сәйкес көркейту жұмыстарын істедік. Қазіргі таңда оқыту-дамыту орталығында біз балаларды математикалық сауаттылық, ана тілі, шет тілі, нейро дамыту секілді әртүрлі бағытта оқытамыз. Ата-аналарынан балаларының математикасын, ана тілін тереңдетіп оқыту қажет деген өтініш алып, өзара ақылдасамыз, содан соң келісімшартқа отырып, білімін арт-



тырамыз. Дамыту орталығында қазіргі таңда зейнетке шыққан Қазына Манапқызы және Сәуле Ашенқызы есімді бастауыш сынып мұғалімдері сабақ береді. Өзім тарих пәнінің мұғалімімін, содан да арагідік ата-аналар тарапынан оқушыларды ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындау жайында ұсыныс түседі. Біздің оқыту орталығы екі бірдей мектепке жақын орналасқан. Оқушылардың мектепте жүктеген үй тапсырмасын орындатып, үйіне тастүйін дайын күйде қайтарамыз. Бұл бір жағынан күнүзак жұмыстан қолы босайтын ата-аналар үшін қолайлы. Қазір мектепте жазғы демалыс уақыты. Келушілердің саны едәуір азайса да, тұрақты түрде жұмысымызды жалғастырамыз, – дейді орталық директоры.

Дамыту орталығының ашылғанына 1,5 жыл, ал, «Балажан» балабақша-бөбекжайының ашылғанына аз ғана болды. Бақытжан мырза өзі мектепте ұзақ жыл қызмет еткен соң жинаған тәжірибе-біліктілігінің арқасында халық игілігіне жұмыс істеп келеді.

Балабақшада екі топ бар. Барлығы 32 бала тіркелген. Алты адамды жұмыспен қамтып отыр. Екі тәрбиеші, екі күтуші, аспаз және шаруашылыққа жауапты маман. Екі орталық та алдағы уақытта тұрақты әрі жүйелі түрде жұмысын жалғастырады. Осылайша оқыту-дамыту орталығынан білімін жетілдірген бүлдіршіндердің саны күн санап көбейіп келеді.

Сурет ашық дереккөзден

• ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

Болашаққа жол ашық

Қарағанды колледждерінде бүгінде Маңғыстау облысынан келген жүзге жуық өрен жас арнайы бағдарлама аясында тегін білім алып жатыр. Олардың асқаралы арманын іске асыруға республикалық деңгейде қолға алынған «Жарқын Болашақ» әлеуметтік жобасы мұрындық болды. Бастама ауыл жастарының қолжетімді әрі сапалы білім алуына жол ашып, олардың өмірін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік берді.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Студенттердің Қарағандыны таңдауы – саналы шешім. Еліміздің ірі өнеркәсіптік орталығы саналатын бұл қала техникалық және медициналық кадрлар даярлау ісінде алдыңғы қатарда. Бүгінде Жанаөзен қаласынан келген Берді Саду, Айбар Әжіғали мен Арайлым Қайнарова Қарағандының беделді колледждерінде білім алуда. Олардың ортақ арманы – кәсіби маман атанып, ел дамуына үлес қосу. Берді Саду бүгінде Қарағанды машина жасау колледжінде токарь мамандығын меңгеріп жүр. Болашақ шебердің айтуынша, алғашқы кезең оңай болмаған.

– Қазыналы Қарағандыда сапалы техникалық білім алуға барлық мүмкіндік жасалған. Бізге заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған шеберханаларда тәжірибе жинақтауға жол ашық. Әрине, бастапқыда сызбаларды дұрыс түсіну, станокпен нақты әрі қауіпсіз жұмыс істеу оңай болған жоқ. Кейде қателесіп, қайта жасап та жаттық. Бірақ шыдамдылық, табандылық және үйренуге деген шынайы ниет өз нәтижесін берді. Қазір өз қолыммен жасап шыққан әрбір бөлшек – мен үшін кішігірім жеңіс, үлкен қуаныш. Осындай ұсақ жетістіктер үлкен мақсаттарға жетелеп, өз күшім деген сенімді арттырып келеді. Алдағы уақытта өз саламда білікті маман болып, ел игілігіне еңбек еткім келеді, – деді Берді.

«Жарқын Болашақ» жобасының арқасында білімге жол ашқан жастардың ендігі мақсаты – алған білімдерін ел игілігіне жарату. Қарағандының іргелі оқу орындары олар үшін тек мамандық үйрететін орда ғана емес, сонымен қатар, жаңа өмірге бастаған алғашқы қадам. Ол колледжді тәмамдаған соң техникалық бағытта жоғары білім алуды жоспарлап отыр.

Осы оқу жобасының тағы бір қатысушысы – Айбар Әжіғали. Ол да машина жасау колледжінде техник-технолог мамандығы бойынша білім алып жүр.

– Біз оқу барысында сан түрлі сызбалармен жұмыс істеуді, техникалық құжаттаманы дұрыс түсініп, оқуды үйрендік. Бұл – біздің болашақ мамандығымыз үшін аса маңызды дағдылар.



Колледжде жатқан Айбар Әжіғали

Қазір теориялық білімімізді өндірісте қалай тиімді пайдалануға болатынын тәжірибе арқылы меңгеріп жатырмыз. Нағыз жұмыс барысын көзбен көріп, өз қолымызбен іс атқару – үлкен мектеп. Колледжді аяқтаған соң жоғары оқу орнына түсіп, білімді одан әрі жалғастырғым келеді. Болашақта өз ісімді ашып, металл өңдеу саласында жеке кәсіпорын құрсам деген үлкен арманым бар. Өз кәсібімді дөңгелетіп, елімнің дамуына үлес қосқым келеді, – деп ой тұжырды Айбар.

Оның айтуынша, кәсіптік-техникалық білім өмірге тез бейімделуге және еңбек нарығына икемді араласуға мүмкіндік береді. Қарағандыны таңдағанына өкінбегендердің бірі – жоғары медициналық колледждің студенті Арайлым Қайнарова. Ол – болашақ фельдшер.

– Маған өз мамандығым ерекше ұнайды. Адамдарға көмектесу, олардың өміріне оң әсер етіп, пайдалы болу – мен үшін мәртебе. Бұл сала – әрқашан сұранысқа ие, қоғам үшін маңызды. Сондықтан да, мен өз тандауыммен мақтанамын. Қарағандыдағы оқу орнымызда бізге терең, жан-жақты әрі сапалы білім беріледі. Тек теориямен шектелмей, тәжірибелік дағдыларды да меңгеріп жатырмыз. Бұл бізді болашақта кәсіби маман ретінде қалыптастыруға зор мүмкіндік береді, – дейді Арайлым.

Еске сала кетейік, «Жарқын Болашақ» білім беру жобасы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы мен Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қорының демеушілік қолдауымен жүзеге асырылады. Жобаның операторы – Bilim Foundation корпоративтік қоры.

Жоба аясында 12 мен 22 жас аралығындағы балалар мен жастар Қазақстанның 11 қаласындағы үздік оқу орындарына оқуға түсе алады. Олар техникалық, гуманитарлық, шығармашылық және спорт бағыттарында білім алады. Жоба оқу ақысы мен жатақхана шығындарын, жолақыны және көтерме шәкіртақыны толықтай қамтиды.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

Тазалық пен технология тоғысында

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қоршаған ортаның қазіргі мүшкіл хәлі – көпшіліктің көкейіндегі мәселе. Сондықтан, елімізге біріншай экологиялық саясат қажет. Қоршаған ортаны қорғау жүйесіне серпін беретін жаңа Экологиялық кодексе қабылдау керек», – деген еді. Бұл орайда орталық облыста экология мен энергетика саласын түбегейлі жаңғыртуға бағытталған ірі жоба жүзеге асырылмақ. Қытайлық серіктестермен бірлескен берекелі бастама аясында жылына 200 мың тоннаға дейін қатты тұрмыстық қалдықты қайта өңдеуге, әрмен қарай сағатына 20 мегаваттқа дейін электр энергиясын өндіруге қабілетті заманауи кешен салу көзделіп отыр. Шаһар инфрақұрылымын мейлінше жаңартуға, экологиялық жағдайды жақсартуға және энергия тапшылығын азайтуға ықпал ететін атаулы зауыт еліміздегі «жасыл» технологияларды дамыту жолындағы қарышты қадам болмақ.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Үздік үйлесім

Жойқын жобаның құрылыс мәселелері облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен шетелдік, отандық әлеуетті инвесторлар арасында өткен іскерлік кездесуі барысында жан-жақты талқыланды. Кездесуге қатысушылар болашақ нысанның техникалық сипаттамаларын, экологиялық тиімділігін және құрылыс кезеңдерін нақтылап өтті. Өз кезегінде инвесторлар жобаның жоғары технологиялы шешімдерге негізделгенін атап, жаңа кешенде қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу және залалсыздандыру бойынша үздік әлемдік тәжірибелер қолданылатынын баса белгіледі. Яғни, табиғи ресурстарды үнемдеп, коқыс полигондарға жіберілетін қалдық көлемін едәуір азайтуға тың мүмкіндік береді.

Облыс әкімдігі тарапынан жобаға жан-жақты қолдау көрсетілетіні айтылып, қажетті инфрақұрылымды жетілдіру, инженерлік желілермен қамтамасыз ету әрі рұқсаттық құжаттарды жедел рәсімдеу мәселелері де мұқият қарастырылды. Мұндай кешеннің іске қосылуы өңір экономикасына да оң әсерін тигізеді. Жаңа жұмыс орындары құрылып, инвестициялық ахуал жақсарыды. Ал, жергілікті тұрғындардың өмір сапасы артады. Жоталы жоба сәтті жүзеге асса, Қарағанды облысы үшін экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ете алады. Келелі кездесу барысында өңір басшысы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен филльтрациялық жүйелердің заманауи талаптарға сай болуы жобаның табысты жүзеге асырылуы үшін басты шарт екенін атап өтті. Сонымен қатар, аймақ басшысы жергілікті тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындарын құру мәселесіне де ерекше назар аударды.

Жобаны іске асырушы – «Қарағанды қаласы ГорКомТранс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Серіктес ретінде қалдық өңдеумен қатар экологиялық инфрақұрылым саласында халықаралық тәжірибесі бар Қытайдың Shangxi «CG Construction Group Co., Ltd.» компаниясы қатысуда. Яғни, шетелдік серіктестік өзінің заманауи технологиялары мен тәжірибесі арқылы жобаның сапалы әрі тиімді жүзеге асуына оң ықпал етпек. Инвесторлар тарапынан ұсынылған мәліметтерге сәйкес, кешенде қалдық атаулысын сұрыптаудың автоматтандырылған

жүйелері, қайта өңдеу желілері және экологиялық қауіпсіздікке жауап беретін филльтрациялық құрылғылар орнату межеленген. Мұндай соны технологиялар қалдық көлемін едәуір қысқартып, қоршаған ортаға зиянды әсерді барынша азайтуға себін тигізеді.

Жаңа зауыт – жаңа мүмкіндік

Өңір әкімдігі жобаның инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуіне жан-жақты қолдау көрсетуге

әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жобаға қолдау мейлінше білдіре отырып, оның экологиялық қауіпсіздік талаптарына сай жүзеге асырылуының маңызын атап өтті. Қазіргі таңда жоба бойынша жер телімін рәсімдеу жұмыстары жүріп жатыр. Инвесторлармен бірге қаржыландыру тетіктері пысықталып, жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірлену сатысында. Аталған кезең жоталы жобаның тиімділігі мен болашақтағы экономикалық әсерін нақты бағалау үшін аса маңызды. Заманауи зауыттың іске қосылуы қалдықтарды сұрыптап, қайта өңдеу үдерісін барынша тиімді етіп, полигондарға жіберілетін көлемді айтарлықтай азайтады. Осылайша қоршаған ортаға түсетін жүктеме азаяды.

Компанияның бас директоры Марат Бимағанбетовтің айтуынша, кешенді жоба қалдық өңдеудің толық циклін қамтитын тұйық жүйені қалыптастыруды көздейді.

– Біз қалдық атаулысымен жүйелі жұмыс істеудің тиімді әрі экологиялық тұрғыдан қауіпсіз моделін енгізіміз келеді. Мәні терең модель қоқысты сұрыптау, жою



дайын екенін мәлімдеді. Анығында инженерлік желілерді тарту, жер телімін дайындау және қажетті рұқсат құжаттарын реттеу жергілікті атқарушы билік тарабында. Аталған жоба аймақтағы инвестициялық тартымдылықты арттырмақ. Өңірде жүзеге асырылуы жоспарланып отырған жаңа экологиялық жоба тек инфрақұрылымдық дамудың ғана емес, сонымен қатар, аймақтың экологиялық қауіпсіздігін арттырудағы стратегиялық қадам. Жаңа қалдық өңдеу зауыты Қарағанды қаласының бас жоспарына сәйкес, қазіргі жұмыс істеп тұрған тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны үшін шешім қала сыртындағы жер телімдерін тиімді пайдалануға, сондай-ақ, қолданыстағы қалдық жинау жүйесімен интеграция орнатуға даңғыл жол ашады.

Құрылыс жұмыстары басталған кезде шамамен 100-ге жуық уақытша жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Ал, зауыт толық қуатында іске қосылғаннан кейін кемінде 50 тұрақты жұмыс орны құрылмақ. Демек, жергілікті тұрғындар үшін жаңа әлеуметтік-экономикалық қажеттілігінің өтеуі дей беріңіз. Облыс

және энергия өндіру кезеңдерін толық қамтиды. Қолданыстағы инфрақұрылымға түсіп жатқан жүктемені ескерсек, мұндай шешім көптен бері пісіп-жетілген, – деді ол.

Қалдық тауарға айналған бетте...

Құрылыс кезеңінде 100-ге жуық уақытша жұмыс орны ашылады. Ал, зауыт іске қосылған соң кемінде 50 тұрақты жұмыс орны құрылмақ. «Жоба неге маңызды?» деген сауалға оралсақ, экологиялық тиімділік тұрғысында болашақ зауыт қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу әрмен қарай энергияға айналдыру мүмкіндіктерін біріктіріп, қоршаған ортаға теріс әсерді барынша кемітеді.

Тұспалды нысанның басты ерекшеліктерінің бірі – Еуропалық одақтың экологиялық стандарттарына толықтай сәйкес келетін қоспалы газдарту жүйесімен жабдықталуы. Өндірісті кешен қоршаған ортаға таралатын зиянды заттарды, атап айтқанда, диоксиндер, ауыр металдар мен шаң бөлшектерін тиімді түрде сүзгіден өткізіп, ауаға зиянды эмиссиялардың бөлінуін шыдап шектейді.



Автоматты түрде жұмыс істейтін заманауи бақылау құрылғылары санитарлық, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты алғышарты саналады. Сонымен бірге жобаның тағы бір маңызды бағыты – қалдықтарды сұрыптап жинау жүйесін жетілдіру және кеңейту. Бүгінде Қарағанды қаласында пластик, қағаз, шыны сияқты қайталама шикізаттарға арналған арнайы контейнерлер орнатылған. Бастау алған ынтагерлік амалдар тұрғындар тарапынан оң қабылданып, қоршаған ортаға деген жауапкершіліктің артуына ықпал етуде. Алдағы уақытта аталған контейнерлердің санын едәуір көбейтіп, қаланың барлық аумағын қамту межеленді.

Қалдықты өркениетті негізде дұрыс сұрыптау – қайта өңдеу үдерісінің алғашқы әрі ең маңызды кезеңі. Осыған байланысты, түсіндіру және ақпараттандыру жұмыстарына ерекше мән берілмек. Байыпты бағытта бұқаралық ақпарат құралдары, мектептер, әлеуметтік желілер белсенді түрде жұмылдырылып, халық арасында экологиялық мәдениетті қалыпта-

стыру тәбиесі жанданады. Бұдан бөлек, жергілікті тұрғындарды ынталандыру шаралары да қарастырылған. Жергілікті өзін-өзі басқару құрылымдарымен, атап айтқанда, мүлік иелерінің бірлестіктері, пәтер иелері кооперативтерімен бірлесіп, жүйелі жұмыс жүргізледі. Экологиялық қауіпсіздік пен тұрақты даму – қазіргі заманның бас талаптарының бірінен. Осы ретте Қарағандыда жүзеге асырылып жатқан маңызды кешен өңір экологиясын жақсартуға, тұрмыстық қалдықтарды тиімді басқару мен азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталды.

Байсалды бастама Қазақстан бойынша алғашқы тәжірибе болмақ. Егер жоба сәтті жүзеге асса, өзге өңірлерге де үлгі ретінде көнінен енгізілуі бек мүмкін. Қоршаған ортаға салмақ түсірмей, қалдықты ресурс ретінде пайдалану – қазіргі заман талабы. Қазыналы Қарағандының ендігі қадамы еліміздегі экологиялық әрі энергетикалық тұрақтылыққа бағытталған нақты әрекеттің көрінісі десек, жарасатындай.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Бес жұлдызды қонақүй салынады

Балқашта люкс-қонақүйлер бой көтереді. Нақтылап айтсақ, «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы Балқаш қаласында «4» және «5» жұлдызды қонақүйлер салуға әлеуетті инвесторларды шақырады. Бұл жоба Президент тапсырмасына сәйкес, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құралдарын пайдалана отырып, «4» және «5» жұлдызды қонақүйлер салу жобаларын іске асыруға жәрдемдесу мақсатында жүргізілуде. Өңірдің туристік әлеуетін арттыру және инфрақұрылымын дамыту мақсаты көзделген.

Аяулым COBET, «Ortalyq Qazaqstan»

Қала Балқаш көлі жағасында орналасқандықтан жазғы демалыс пен экотуризм үшін тиімді. Алайда, қазіргі уақытта жоғары деңгейдегі қонақүйлердің жетіспеушілігі туристер ағынының өсуіне кедергі келтіреді. «Сарыарқа» ӘКК осы мәселеді шешу үшін инвесторларды тартуға ниетті. Балқаш көлінің жағалауында туризмді дамыту үшін 860 гектар аумақта 7 демалыс аймағын салу жоспарланған. Бұл жобаларға 18 млрд. теңге

инвестиция тарту да көзделіп отыр. Жаңа демалыс орындары мен қонақүйлердің салынуы 7000-ға жуық маусымдық жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Олардың салынуы туристерге сапалы қызмет көрсету деңгейін арттырады. Жергілікті тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындарын ашады әрі қала бюджетіне қосымша салық түсімдерін қамтамасыз етеді. Өңірдің инвестициялық тартымдылығын жоғарылатады. Әр кешенде кемінде 60 нөмірден болуы тиіс. Бұл жобалар туризмнің дамуына және өңірдегі іскерлік белсенділіктің артуына ықпал етеді.

«Сарыарқа» ӘКК өкілдері Балқашқа қонақ үй салу арқылы туристерді тартудың бірнеше нақты жолы бар екенін айтады. Оның бәрі инфрақұрылымды дамыту мен маркетингтік стратегияны дұрыс үйлестіру арқылы іске асады. Мәселен, сапалы қонақүй – кез келген турист үшін сенімді орын. Осы мақсатта салынған «4» және «5» жұлдызды қонақүйлер шетелдік және отандық туристерге жоғары деңгейде қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Ыңғайлы бөлмелер, спа, мейрамхана, экскурсия қызметі – туристің қалада ұзақ уақыт қалуына себеп болады. Қонақүй туристік маршруттармен Балқаш көлі секілді тарихи орындар тығыз байланысты болса, келуші көп болады. Трансфер қызметтеріне әуежай, вокзал, қонақүй болса, бұл келуші үшін сенімділік тудырады.

Кәсіпкерлердің жобаларын жүзеге асыру үшін жер телімдерін «Сарыарқа» ӘКК ұсынады. Ал, жо-



балау және құрылыс жұмыстарын қаржыландыру, сондай-ақ, қонақүй кешендерін салу – ашық конкурсы нәтижесінде анықталған инвестордың міндетіне кіреді.

Құрылыс алаңдарының инженерлік инфрақұрылымын жергілікті атқарушы орган қамтамасыз етеді. «Сарыарқа» ӘКК өкілдерінің сөзіне сүйенсек, жобаның негізгі мақсаты – өңірдің туристік инфрақұрылымын дамыту әрі жаңа жұмыс орындарын құру. Жергілікті экономиканы ынталандыра отырып, Балқаш қаласының Қазақстандағы заманауи туристік орталық ретіндегі имиджін нығайту да жобаның маңызын арттырады.

Айта кеткен жөн, соңғы екі жылда Балқашқа туристік ағын 40%-ға артқан. Келушілер арасында тек қазақстандықтар ғана емес. Германия, АҚШ, Канада, Польша және Ресей елдерінен келген туристер де бар.

Қоғам белсендісі Қайыр Рахметұллин Қаздауысты Қазыбек бидің мұр­десі қыс бойы сақталған тарихи орын – Теректібұлақтағы сөретастардың тағдырына алаңдаушылық білдіреді. Автор Қарағанды және Павлодар об­лыстарының әкімдеріне, кәсіпкерлер мен бұқаралық ақпарат құралдарына үндеу жасап, киелі жәдігерлерді сақтау мен күмбез орнату мәселесін қайта қарастыруға шақырады. Тарихи маңызы зор бұл орынға көздің қарашығын­дай қарау – ұлт намысы мен болашаққа деген жауапкершілік екенін ала тартады. Сақталған екі тастың ашық аспан астында тозып бара жатқа­нына алаңдаған автор қарапайым, бірақ еңселі күмбез орнату қажеттігін айтып, бұл іске қос облыстың ынтымақпен кірісуін сұраныс етеді. Мәтіннің толық үлгісі төмендегідей...

Қарағанды облысының әкімі
Е.Бөлекпаевқа
Павлодар облысының әкімі
А.Байхановқа
Кәсіпкер азаматтарға
«Орталық Қазақстан» газетіне
«Сарыарқа самалы» газетіне

ҮНДЕУ

Құрметті Ермағанбет Қабдулаұлы!
Құрметті Асайын Қуандықұлы!
Құрметті кәсіпкер азаматтар!
Сіздер Қазыбек бидің қыста қай­тыс болып, мәйітінің киіз үй ішінде, төрт тасты тірек еткен сөренің үстін­де, Теректібұлақ жерінде қыс бойы сақталғанын білетін боларсыздар. Ол жер бүгінде Баянауыл ұлттық та­биғи паркінің аумағына кіреді. Екі жарым ғасыр қараусыз қалған сол сөретастардың біреуін бір ғалым­ның алып кеткенін баспасөз беттері­нен білеміз. Алайда, қайтарылмады. Екіншісі із-түссіз жоғалып кеткен. Қалған екі сөре тасты, рухани қым­бат жәдігерлерді ашық аспан астын­да бұдан әрі сақтау мүмкін еместі­гін ескеріп, 2021 жылы Қаздауысты Қазыбек би ұрпақтарынан Ерканат Қақабай, Максим Алшынбай есімді азаматтар Павлодар облысының әкімі Ә.Сқаковтың атына үндеу хат жазған. Сөретастардың сыртынан басына күмбез орнату туралы мәсе­ле көтеріген. Бұл түйіктің туралы ав­тордың «Үміт ең соңынан өледі» атты кітабында да айтылған еді. Бір­біріміздің әрекеттерімізді білмесек те, ойымыздың бір жерден шықканы­на таңданғанымыз рас.

Өз кезегінде облыс әкімі мәсе­лені зерделеуді облыстық мәдениет басқармасына жүктеген. Мәдениет бөлімі (С.Бегалиева) жоғарыдағы азаматтарға берген жауабында (№ 01-25-1 (106) 25.08.2021 ж.) арнайы комиссияның сөретастар басына ба­рып қайтқанын баяндаған. Комиссия құрамы қариялардың, діни сенімде­гі адамдардың «мүрде қойылмаған жерге күмбез орнатуға болмайды» деген әлсіз, тиянақсыз уәжіне тоқтап, мәселені аяқсыз қалдырған.

2001 жылы Ботақарада тұратын егіндібұлақтық азаматтар сол сөре­тастарды қоршап, қал-қалерінше, шағын ескерткіш такта қойған еді.

Құрметпен, Қайыр РАХМЕТҰЛЛИН
ҚАРАҒАНДЫ

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Айтылмай жатқан ақиқат

1812 жылы орыс армиясы мен француздардың арасында болған І Отан соғысында орыстар француз ар­миясынан жеңіліп, Мәскеуді тастап қашқаны мәлім. Оның барлығы та­рихта айдан анық көрсетілген, және ақиқат. Сол кезеңдегі І Александр пат­ша қазақ хандығына елші жіберіп, қы­сылтаян шақта көмек сұраған.

Көршілес елдің басына түскен қиын жағдайды ести салысымен, қа­зақ хандығы өзінің бас көтерер көсем­дерімен, би-шешендерімен ақылда­сып, қол ұшын созуға келісімін береді.

Ұлы жүзден 50 мың сарбаз, орда­лы Орта жүзден 12 мың, Кіші жүзден 30 мың сарбаз, барлығы 92 мың жасақ майдан даласына аттанады. Мәскеуге қарай шеру тартқан атты әскерге жол­да Башқұрт елінен де 10 мың сарбаз қосылды.

Жалпы саны 100 мыңнан асып жығылған жасақ ұрыс даласына келісімен, бірден каланы қоршап, жау­ға атой салады. Садақпен атып, найза­мен шанышп, шокпармен ұрып, жау­дың әбден есін шығарады. Шала мас, талтіректеген француздар мұндайды күтпесе керек, шыдай алмай, бет­бүтпен қаша бастайды.

Сол қуғаннан жаудың есін жиғы­збай, қашқан жаудың артынан қуып отырып, Смоленск қаласына шейін тықсырады. Ақ қар, көк мұзда, қақп тұрған аязға шыдамаған француздар­дың жартысы далада үсіп өледі. Смо­ленскіге жеткен соң қайтадан қазақ әскері француздардың қарсыласқан топтарын ойрандап, қырып, бірталай-

ын қолға түсіріп, тұтқынға алады.

Келген тапсырмаларын орындап, қазақ жасағы орыстарды ырза қылып, елге шеру тартып қайтады.

Ең қызығы, ата-бабамыздың осы ер­лігі жайында ешқай жерде деректі хи­каяттар бұрын-соңды жазылмаған екен. Ал, орыстар бұл жағдайды бізден 200 жыл бойы жасырып келеді. Неге слай?

1995 жылы Францияда Ватер­лоо соғысының 180 жылдық тойы қарсаңында ғана бұл ақиқаттың беті ашылды. Франция бірталай мемле­ке­т басшыларын шақырғанда бізді де ұмытпаған екен.

Ештеңе ұмытылған жоқ. Мәскеу­ден қуылған француздар шегінісі­нен соң ғана Кутузовтың әскері ка­лаға кірген. Және бір айтарлық жайт, француз генералы апарған киіз үйдің біреуін сұрап алып, бас штаб қылған екен. Француздардың архивінде осы мәліметтердің барлығы дерлік сақтау­лы. Қанша адам соғысқа қатысты, қан­ша адам жоғалды, қанша адамның қаза болғаны осы деректердің барлығы бар көрінеді.

Бізге жеткен мәлімет бойынша та­рихта қалған осы айтулы шайқастағы казактардың ерлігін кейінгі ұрпақта­рымыз және жастарымыз біліп жүруі керек. Шыындықты бүкпесіз ашып және ашық күйінде жеткізуіміз қажет.

Осы мәліметті ести салысымен мен де қол қусырып отыра алмай, қағаз бетіне түсіруді жөн көрдім.

Мұрат ЖАНЫСБАЕВ,
зейнеткер

• АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Көп болып қол созу қажет



Сурет ашық.Қарқаралы

Қарқаралы қаласының ауруханасы – екі жүз жылдан асқан тарихы бар, талай адамдардың тағдырлары тоғысқан, киелі орын. Сондықтан да, бұл жерге сәлемде­спей кірудің өзі күнә іспетті. Осы жылдар аралығында емдеу мекемесінде қолдары алтын, білімді де білікті, емхана қабы­рғасына есімдерін алтын әріппен жазып қоюға болатын көптеген дәрігерлер ел игілігі үшін, жандарын аямай еңбек еткені аудан жұртшылығына аян. Қарқаралы ауруханасының тарихнамасын, онда қызмет еткен дәрігерлердің өмір деректерін жинап, мұражай ашаған бастама көтеріп, ізгілікті жұмыс жасаған сол кездегі бас дәрігер Серік Жәкеевтің еңбегі зор екенін айта кету керек. Өйтпегенде, бәрі де ұмы­тылып қалар еді.

Дерттеріне шипа тауып, жанын ара­шалап алып қалуға себепкер болған ізгі жүректі дәрігерлерді бауырларына басып құшақтап, көздеріне жас алып тұрып, алғысын жаудырған адам қаншама? Дәрі­герлердің осы өлшеусіз еңбектерін атүсті бағалап, халық арасында, «Ажалсызға се­бепкер. Дәрігердің ең жақсысы – ауруға ауру қоспағаны», – деп айтып жатады. Бәлкім, бұл сөздің де жаны бар шығар?!

• БАЗЫНА

Тексеріс заңдылығы қадағаланса...

Қарағанды қаласының тұрғы­ны ретінде, соңғы уақытта көптеген тұрғындардың атынан алаңдау­шылық білдіргім келеді. Соңғы ай­ларда көппәтерлі үйлерде тұратын азаматтардан есептегіш құралда­рын (су, жылу, газ, электр энергия­сы) мерзімінен бұрын тексеруден өт­кізуге мәжбүрлеп жатқаны жөнінде жиі шағымдар түсіп жатыр.

Жалпы, заңнама бойынша, әр есе­птегіш құралының техникалық тексеру мерзімі нақты белгіленген. Бірақ, бұл талаптар ескерілмей, кейбір қызмет көр­сетуші мекемелер тұрғындарды қысымға алып, есептегіштерді жоспарланған мерзімнен әлдеқайда ерте тексеруге мәжбүр етуде. Ең сорақысы, бұл тексеру­лердің барлық шығынын тұрғындардың өздері өтеуге тиіс екендігі. Мұндай әре­кеттер заңсыз ғана емес, сонымен қатар, халықтың әлеуметтік жағдайына да кері әсерін тигізуде. Зейнеткерлер мен әлеу­меттік аз қамтылған отбасылар үшін бұл қосымша қаржылық ауыртпалық болып отыр.

Әлбетте, есептегіш құралдарын тек­серу – бұл келелі мәселе. Алайда, соңғы уақытта осы құрылғыларды жаппай әрі жедел түрде ауыстыру қажеттілігі туралы талаптар жиілеп кетті. Бұл бастаманың заңдылығы, техникалық негіздемесі және қаржылық салдары туралы халыққа толық әрі түсінікті ақпарат беріліп отырған жоқ. Мұның анық-қанығына үйіліп, ашық тал­дау жасап жатқан құзырлы органдар да байқалмайды.

• АЛҒЫС

Кәріз құдығы жабылды

«Senim 109» қызметіне Қараған­ды қаласының тұрғындарынан шағым келіп түсті. 14-шағынауда­нындағы кәріз құдығы бұзылып, жағымсыз иіс шығып жатқаны ай­тылды.

Өтініш бірден тіркеліп, жауапты ме­кемелерге жедел жолданды. Аталған мәселені дер кезінде шешкені үшін Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының тіргішілікті қамтамасыз ету бөліміне @a.bokeihan_akim_apparaty алғыс айтамыз!



Сонда бұл қалай болғаны? Монополия­лық мекеме «ауыстыру керек» деді екен деп, қарапайым халық күмән тудырған талаптарға күмәнсіз мойынсұнып, қал­тасындағы соңғы тиынына дейін бейса­уат шаша беруі тиіс пе? Мұндай әрекет­тер тұтынушы құқығына қайшы келеді. Қоғамда әлеуметтік әділетсіздікке жол ашады.

Біріншіден, бұл құралдардың шы­нымен ескіргені және техникалық тұрғы­да жарамсыз екені ғылыми-техникалық сараптамамен дәлелденуі тиіс. Екінші­ден, жаңартуға қатысты шешімдер ашық, түсінікті әрі тұтынушылардың мүддесін ескере отырып, қабылдануы қажет. Ал, қазіргідей жағдайда халыққа таңдау

дей, оның есігінен бастап төріне дейінгі көріністермен дәрігерлердің жылы лебіз­дері бойынызға жақсы энергия беріп тұр­са, қандай тамаша. Ал, мынандай жағдай­да жүйкеңіз жұқарып, ауруға ауру қосып алмасыңыз неғайбыл?

Содан ертеңіне бір палатаға жатқы­зды. Төрт төсек те бос тұр екен. Он күн жатып жақсы ем алып шықтым. Дәрігер мен меірібикелерге көптен-көп рақмет!

«Тас – түскен жеріне ауыр» демекші, негізгі салмақ аурухананың дәрігерлері мен қызметкерлеріне түседі. Бұл жерде, аурухананың бас дәрігерінен бастап, ау­рухананың маңайында жүріп су ішіп, нан жеп жүргендердің бәрі де, өзіне жүктелген міндетті адал орындап, өзінің білімділігі мен біліктілігін танытып, халық игілігі үшін жұмыла білген жөн.

Енді ауыра қалған күннің өзінде бара­тын бірден-бір орын – аурухананың ел ор­тасындағы беделін көтеріп, оның жақсы атын ғана емес, затында қалпына келтіру үшін, күр сырттан сынай бермей, нендей көмек көрсете аламыз? Бұл, әр Қарқа­ралы азаматтарының ойындағы дүние бо­луы керек. «Бір топ қоянды, бір арыстан басқарса, бір топ арыстан шығады. Ал бір топ қоян шығады» деген тәмсіл бар. Бұл тіке­лей аудан басшыларына, аурухананың бас дәрігеріне де байланысты. Ол кісілерге тиянақты жұмыс жасауға тура келеді.

Бүгінде Қарқаралы ауруханасына бірінші қабаттан бастап, сапалы жөндеу жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жоғары­да айтқандай, енді өз жаныңызды сеніп тапсыратын білімді мамандар топтас­са игі. Облыс бюджетінен бөлінген қаражатқа жаңа, заманауи медициналық құрылғылар алып, онда жұмыс істейтін маман дәрігерлерді арнаулы курстарға жі­беріп оқытып жатыр. Істеріңізге сәттілік тілеймін!

Қазір ауданда мықты кәсіпкерлер мен фермерлер, шаруашылық басшылары бар­шылық. Жігіттер жиналып, ауруханаға көмек көрсетіп жатса, құба-құп болар еді.

Сәбит ТОҒАМБЕКОВ
Қарқаралы ауданы

Ер есімі ел есінде

Адамзат тарихындағы ең зұлмат соғыс бұрынғы кеңестік республикалардағы әр отбасына ғаламат қасірет әкелді. Шайқалмаған шаңырақ қалмады. Қанқұйлы соғыс өрті біздің де отбасымызды, туыстарымызды, ауыл-аймағымызды айналып өтпеді. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында баршамызға бейбіт өмір сыйлаған әкелеріміз бен аналарымыздың көзсіз ерлігі мен ерен еңбегін еске алып, құрметтеу – біздің асыл парызымыз.

Мақалада баяндалатын деректер әулетімізден сұрапыл соғысқа қатысқан жауынгерлер мен жеңіс үшін жанын аямай тер төккен еңбек адамдарының тағдыры жайлы болмақ.

Әкеміз Рымбек Молбасұұлы 1941-1945 жылдары алғашқы механизатор ретінде соғыстан броньмен қалған. Немере бауыры Мұстаап Түсіпбекұлы әкемізбен жұптары жазылмай, тілде Шет ауданы «Шет» совхозының шаруашылықтарында, «Айғыржал» ауылында яғни, бұрынғы «Ақбұлақ», «Ленин», «Сталин», «Октябрь», «Жастар» колхоздарында жеңісті жақындатуға аянбай үлес қосып, еңбек еткен. Ал, ағайынды Түсіпбек пен Молбасыдан тараған 7 ұлдан (Түсіпбектен – Мұстафа, Мұстаап, Мақыжан, Ыбыжан, Молбасыдан – Рымбек, Мұстажан, Токқожа) екеуі ғана аман қалған екен. Әкем адал еңбегінің құрметіне «Еңбектегі ерлігі» үшін медалімен марапатталған.

Ғазиз анамыз Күлиә Мұқанқызы күндіз ерлердің орнына колхоздың жұмысын жасап, түнде соғысқа қажетті азықтүлік, киім-кешек дайындасып, майданға жіберуге атсалысқан. «Ұлы Жеңіске 40 жыл» медалімен марапатталған. Ата-анамыздан тараған 6 баладан немере-шөберелері бар. Мұстаап әкемізден де тараған ұрпақтары, немере-шөберелері бар.

Әкемнің бауыры – Токқожа Молбасұұлы Қарағандының ФЗО мектебін бітіріп, 1939-1941 жыл-

дары Балқаш кен-металлургия комбинатында жұмыс істеген. 1942 жылғы 15 ақпанда Ақмола қалалық әскери комиссариатынан соғысқа алынып, Сталинград шайқасына қатысқан. Еуропаны фашизмнен азат ету жолында жанын аямай, 1944 жылы сәуір айында майдан даласында хабарсыз кетті. Токқожа әкеміздің артында Әріп, Аманжол және Бәтес атты үш баласы қалды. Көп ұзамай жолдасы да дүниеден өтіп, балалары нағашыларының қолында қалып қояды.

Әкеміз бауырының балаларына тынбай іздеу салып, 20 жыл өткен соң Ақмола облысы Қорғалжын ауданынан табады. Үш баладан өніп-өскен ұрпақтары бар. Токқожа әкеміздің жерленген жері белгісіз. Ресей Федерация Қорғаныс министрлігінің деректер базасынан жылдар бойы іздеу салып келеміз. Әл-әзір нәтиже жоқ. Әкеміздің немере інісі Мақыжан Түсіпбекұлы 1942 жылғы 7 наурызда Шет аудандық әскери комиссариаты арқылы соғысқа алынып, 12-ші Дон-Кавказ дивизиясының 47-ші полкінің құрамында шайқасты.

1945 жылғы 17 сәуірде Венгрияның Шиманторния селосының маңында қаза тапқан. Артында Шолпан атты қызы қалды, жиен-немерелері бар. Әкемнің немере інісі – Құсайын Омарұлы 1942 жылы қыркүйек айында Шет ауданының «Ақбұлақ» колхозынан соғысқа алынып, І және ІІ Украина майданында атқыштар



Анам – Күлиә Мұқанқызы, әкем – Рымбек Молбасұұлы

дивизиясы құрамында пулеметші болып шайқасты. Көрсеткен ерлігі үшін мемлекеттік марапаттары бар.

1942 жылғы 3 маусымда Украинаның Яссы ауданының Кушарская деревнясында 2 ай қоршауда болған. Сол кезде «Хабарсыз кетті» деген «қара қағаз» дайындалған екен. Қайнқұйлы соғыстан аман-есен оралды. 9 баладан бірнеше немере-шөберелері бар.

Әкеміздің немере інісі Мұса Сыздықұлы 1941 жылғы 19 желтоқсанда Шет аудандық біріктірілген әскери комиссариаты арқылы Кеңестік әскер қатарына шақырылды. Пенза миномет училищесінде 1942 жылғы І қыркүйекке дейін оқыған. Училищені аяқтаған соң лейтенант әскери атағы беріліп, Ленинград майданына аттанды. Соғыста екі мәрте жараланған. 7 мемлекеттік марапаты бар, оның ішінде «Ленинградты қорғағаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Кеңес Әскери-теңіз Флотына 30 жыл», «Жауынгерлік ерлігі үшін» және т.б. медальдары бар. Соғыстан кейін Армян КСР-ның Ленинка қаласында, Қазақ КСР-ның Көкшетау облысы Қызылту ауданында және Алматы облысы Сарысу ауданында және Алматы облысы Ұйғыр ауданында әскери комиссар болып қызмет атқарған. Соғыстан аман-есен оралып, 8 баладан немере-шөберелері бар.

нның, Жамбыл облысы Сарысу ауданында және Алматы облысы Ұйғыр ауданында әскери комиссар болып қызмет атқарған. Соғыстан аман-есен оралып, 8 баладан немере-шөберелері бар.

Әкеміздің туысы Түсіпхан Тәңірбергенұлы 1939 жылы Шет аудандық әскери комиссариатының шақыруымен соғысқа алынды. Фин соғысына қатысқан. 1942 жылы Ұлы Отан соғысында хабарсыз кетті. Соңғы хатын Москваны қорғау жолында майданға кірер алдында жазған екен.

Әкемнің туысы Мүскен Жуанышұлы Шет аудандық әскери комиссариатынан 1941 жылдың тамыз айында соғысқа аттанды. Әскер құрамында 1942 жылғы қараша және 1945 жылғы мамыр аралығында болды. Қызыл әскер қатарында І Украина майданында 830 артиллериялық полк (ІІ) 305 атқыштар дивизиясында соғысты. «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Марапаттау қағазында «1944 жылғы 21 қазаннан бастап Карпат үшін шайқаста өзін тәжірибелі және батыл артиллерист ретінде көрсетті. Бұл шайқастарда төрт пулемет пен 40-қа жуық неміс сарбазын жойып, екі



пулемет пен жаудың бір 106 мм артиллериялық батареясының атысын басып, біздің жаяу әскердің алға жылжуын қамтамасыз етті» – деп жазылған. Осы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған. Баласы Нұратайдан тараған бірнеше немере-шөберелері бар.

Әкемнің үзегілес достары – Адамбек Сүлейменұлы және Әбқай Тілеужанұлы жайлы тоқталып кету – әкемнің алдындағы парызым деп есептеймін. Адамбек Сүлейменұлы 1941 жылғы 17 желтоқсанда майданға аттанды. Сұрапыл соғыстың өртіне оранған Еуропа жерінде талай қанды шайқастың куәсі болды. 266-дивизияның 108-полкі, 82-батальоны құрамында атқыш, әрі минометші болды. Төрт мәрте жараланса да, жауынгерлік саптан ажыраған жоқ. Ресейдің нулы ормандарынан бастап, Украина мен Белоруссияның кең жазықтарына дейін, Молдованың терең сайлары мен Польша жеріне дейінгі шайқастарға қатысып, жауынгер достарымен бірге азаттық үшін күресті. Оның ерлігі жауынгерлік шежіренің жарқын беттеріне айналды. Соғысты Жеңіспен аяқтаған ол Қарағанды облысы Шет ауданы Үнірек ауылында қарапайым шаруадан бастап, ферма менгерушісіне дейін көтерілген. Қажырлы еңбегімен елдің алғысына бөленді. 10 баладан бірнеше немере-шөберелері бар.

Әбқай Тілеужанұлы 1941 жылы соғысқа алынып, Ленин орденді Кеңес Одағының Батыры генерал-майор Панфилов атындағы дивизияның 19 гвардиялық полкінің 8 ротасының құрамында атқыш болып соғысқа кірген. 1942 жылы Оңтүстік Прибалтиканы азат етуде ерекше көзге түскен. 1944 жылғы 30 қаңтарда Украина майданында Харьковтің Новосо-

кольники деревнясын, Опочкин ауданы Печкин деревнясын жаудан азат етуде жау траншеясына бірінші болып кіріп, қол пулеметін және жаудың бірнеше солдатын жойған. Ерекше ерлігімен басқа жауынгерлерге жол ашады. Сол үшін ІІІ дәрежелі «Даңқ» орденіне ұсынылған, бірақ қолына алуға бұйырмапты. Бұл мәліметтерді немересі Салтанат интернет жүйесінен тапты. 1945 жылы елге аман-есен оралған. Соғыстан кейін бейбіт өмірге араласып, ел ырзығын еселеуге қатысты. Ұлы Жаксылық ағамыздан бірнеше немере сұйды. Бір өкініштісі, Әбқай әкемізге 1980 жылдарға дейін майдангер ретінде жеңілдіктер берілмей, немересі Салтанат пен апамыз Қорланның ізденуімен ғана Шет аудандық әскери комиссариаты тізіміне кірді.

Біз бір ғана әулет, туыстар мен жақындарға қатысты естелікпен бөлісіп отырмыз. Мұндай мысалдар әр отбасында, әр ауылда көптеп кездеседі. Батырлардың ерлігін баяндай отырып, халқымыздың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаевтың «...Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас, Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас» деген жалынды өлең жолдарымен тәмамдамақ ниеттеміз. Әкелеріміз бен аналарымыздың Ұлы Жеңісті жақындатуға қосқан үлесі ұрпақтарының жадында мәңгі сақталмақ!

Иген МОЛБАСИН,
отставкадағы әділет
подполковнигі,
«Қызыл Жұлдыз» орденінің,
КСРО ІІМ үздік қызметкері
белгісінің иегері

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Демалыста қауіпсіздік маңызды

Нұра ауданы әкімінің өкіміне сәйкес биылғы жазғы демалыс маусымына сапалы дайындықты қамтамасыз ету мақсатында жазғы демалыста балаларды сауықтыру және бос уақытын ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық штаб құрылды. Оның құрамына аудан әкімінің орынбасары, білім, денсаулық сақтау, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, полиция, дене шынықтыру және спорт, мәдениет және тілдерді дамыту, төтенше жағдайлар бөлімдерінің басшылары енді.



Ермек БАЛТАШҰҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Республикалық бюджеттен бөлінген жолдамалар бойынша тегін демалатын балалар тізімі қайта қаралып, әділеттілік қағидаттары сақталып, тексерілді. Тізімге тек көрсетілген санаттағы балалар енгізілді. 2 маусымда білім беру ұйымдары жанынан жазғы лагерлер жұмысын бастады. Бұл шаралар балалардың жазғы демалысын тиімді өткізуге, оларды сауықтыру мен бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға бағытталған.

Жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, көпбалалы және тұрмысы төмен отбасылар балаларына қолдау көрсету мақсатында жергілікті бюджеттен 18 миллион теңге бөлінді. Оның ішінде, 8 миллион теңге мектеп жанындағы лагерлерге бағытталды. Оларда 1 ауысымда – 280, 2 ауысымда 160 бала қамтылады. Сонымен қатар, 31 мектеп жанынан ашылатын лагер алаңдарында 1 200 бала тамақтандырусыз сауықтырумен қамтылады.

Алматы қаласының «Тауленд» жазғы сауықтыру лагеріне аз қамтылған және қамқорлықтағы отбасылардан 75 бала жолданды. Бұл мақсатқа жалпы оқуға қамту қорынан 10 млн теңге бөлінді. Маусымның алғашқы жартысында «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығына 37 өнерлі, озат және

белсенді оқушы жолдама алып, демалуға барды. «Жаздық жолдама – 2025» жобасы аясында үлгілі оқушылар, спортта жетістігі бар, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан 90 бала «Тау-Жанашар» жазғы сауықтыру лагеріне жіберілді.

Арнайы комиссия құрылып, лагерьердің инфрақұрылымдық дайындығы тексерілді. Балалар шомылатын су айдындарындағы қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулықтар берілді, суға түсуге рұқсат етілген аумақтар белгіленіп, құтқару құралдарымен жабдықталды. Балаларға судағы қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, арнайы жаттығулар өткізілді.

Сөйтіп, оқушылардың жазғы демалыс кезеңін тиімді әрі қауіпсіз ұйымдастыру бағытында кешенді шаралар атқарылды.

– «Судағы қауіпсіздік» үш айлығы жарияланды. Атап өтетін жағдай, ішкі істер бөлімінің профилактикалық тіркеуінде тұрған бала жоқ. Мектепшілік есепте – 7, қолайсыз отбасыларда 11 бала бар. Аталған оқушылар жаз мезгілінде спорттық секциялар мен үйірмелерге тартылып, үздіксіз бақылауда болады, – дейді өңірдегі білім беру бөлімінің басшысы Дархан Төкішев.

• ТАҒЫМ

Атамның ерлігі

Шет ауданының оңтүстік-шығысында, аудан орталығынан отыз шақырымдай жерде орналасқан Кеншоқы ауылы 1965 жылы Нұра, Байназар бөлімшелері негізінде Кеншоқы совхозы болып құрылған. Биыл ауылымызға – 60 жыл.

Мал өсіру, егін егу шаруашылықтарымен айналысатын ауылда бүгінгі күні 200-ден астам шаңырақ бар. Он бір жылдық Нұра орта мектебінде 200-ге тарта оқушы оқып, 40 шақты мұғалімдер қызмет етеді.

Өр ауылда өнерлі жастар, мықты спортшылар, атакты жазушы, журналистер шыққан.

Осы Кеншоқы ауылында, 1986 жылдың маусым айы, егін егу науқаны аяқталып, шөп шабуды бастауға дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқан кезеңде оқыс оқиға орын алған екен. Совхоздың орталығында орналасқан МТС-те (Машина-трактор станциясы) жанар-жағармай таситын автокөлігіне дөңкерлеу жұмыстары жүргізіліп жатқанда, абайсызда от тұтанып өрт шығады. Өрттің салдарынан жанар-жағармай таситын автокөліктің сұйық отынды цистернасы жарылады.

Түсік ас кезінде шыққан қатты дүмпуден ауыл адамдары селк етеді. Өрт шыққан жаққа ауыл тұрғындарымен бірге атам мен әжем балалары Қайыржан, Мейіржан (менің әкем), Айдын тұра жүгіреді. Елдің бәрі абыр-сабыр. Үстіндегі киімі жанған дөңкерлеушіні көріп үрейленген тұрғындар. Көлік жарылса мерттігесіндер деп балаларды шегіндіріп жүрген үлкендер.

Жанып жатқан көлік кабинасының ашық тұрған есігін көрген атам, кабинаға қарғып мінеді

де, кілтті ашып, бірінші кезекте бактағы бензиннің мөлшерін қарайды (бактағы бензин толық болса, бірден жарылмайды екен). Осыны байқаған атам көлікті от алдырып, ауыл шетіндегі Нұра өзеніне жеткізуге мүмкіндігі барын ескереді. Жанып жатқан көліктің орнынан қозғалғанын көрген жұрттын зәреселері кетеді. Жүріп бара жатқан көліктің ішінен атамды көрген әжем «Өлді-ау Рақыш!» деп айғай салады. Анасының қасында тұрған 14 жастағы Айдын ағамның қолындағы шелегі жерге түсіп, талып қалады. Оты жалындап, өзенді бетке алған көліктің соңынан ауыл тұрғындары да жүгіреді.

Атам екпіндете келген көліктің жылдамдығын түсірмей өзен ортасына түсіп, ағысқа қарсы жүріп барып тоқтайды. Көліктің бел ортасынан асатын өзен суы ташырап, жанып жатқан отты лезде басып қалады да от сөнбеді. Сол жылы әскери борышын өтеп келген Қайыржан аға велосипедпен өзенге елден бұрын жетеді де, аман-есен сал жымын жағаға шығып келе жатқан әкесін көріп, құшақтай алады. Атам өзі де қатты қорқып кетсе керек, түрі бозарып, күн ұзақ үнсіз қалыпты.

Қалың техниканың ортасында жанып жатқан көлікті алып шықпағанда, келтіретін залалы айтпаса да түсінікті. Кезіндегі саясаттың немесе ішкі тәртіптің әсері болар, бұл оқиға ауыл ара-



сынан ұзамай бірте-бірте ұмытыла бастайды. Атамның өзі де көзі тірісінде бұл жөнінде көп қозғағысы келмейтін.

Атам Рақыш Жүнісов 1940 жылы қаңтар айында Кеншоқы ауылында дүниеге келген. Жастайынан еңбекке ерте араласып, төрт түліктің де, техниканың да бабын жақсы менгерген. Совхоз кезінде жылдың төрт мезгілінде бір тоқтамайтын ауыл еңбегіне етене араласып, көктемгі егісте жер жыртып, жазда шөп шауып, күзде егін жинаса, қыстай басқарманың жылу жүйесіне жауапты болған.

Бойы сұңғақ атам спортқа да бейім екен. Волейбол ойынынан ауылдың намысын қорғаған. Боз кілемге де шығып, талай мықтымен белдескен. Бір долада қарсыласы аяғын сындырып алған соң күреске көп жуықтамапты. «Кел, күрессейік» дегендерге «Бірінші қолхат жаз, бір жерім мәртіксе, кіна тақпаймын

деп» дейді екен. Әдеби кітап, журналдарды көп оқығаннан болар, атам ақын, жазушылардың өлеңдерін, олардың өміріндегі қызықты оқиғаларын жатқа айтып отыратын. Әсіресе, орыстың белгілі жазушысы А.Бектің Бауыржан Момышұлы туралы жазған «Арпалыс» («Волоколамское шоссе») повесін ұнататын.

Бес ұл, екі қыз туып өсірген атам мен әжем совхоз тараған жылдары жеке шаруа қожалықтарын құрып, Кеншоқы ауылының жанындағы «Жас қанат» елдімекенінде мал шаруашылығымен айналысты. Бүгінде балалары ер жетіп, отбасын құрып, әрқайсысы өз жолдарын тапқан.

Кеншоқы ауылының үлкен-кішісі «Әтәй» деп атап кеткен атам 2017 жылдың 11 қаңтарында, мен 12 жасқа толып жатқанда дүниеден өтті. Араға үш жыл салғаннан кейін әкем де өмірден озды. Қазір сол «Жас қанатта» әжем, анам, ағам Жасұлан және мен ата кесібімізді дөңгелетіп, шаруашылықпен айналысудамыз. Саналы ғұмырын елдің дамуына, туған жердің өсіп-өркендеуіне арнаған атам мен әжемді үлгі тұтып, ерен еңбектерін мақтан етемін.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялауы барша еңбек адамдарына шабыт бергендей. «Еңбек – бәрін де жеңбек», яғни, маңдай тердің жемісін әлі де талай көре беруімізді нәсіп етсін!

Аслан РАҚЫШ

Шет ауданы

Қарағанды облысы әкімінің аппараты бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің бас инспекторы Төлеубай Мансұрұлы Ермекебаевқа орны толмас ауыр қаза анасы **Бәтеш ҚҰДАЙЫМБЕРЛИНАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалы белгілі журналист, қарымды қаламгер, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бұрынғы Бас редакторы Төлеубай Ермекебаевқа аяулы анасы

Бәтеш ҚҰДАЙЫМБЕРЛИНАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы белгілі журналист, қарымды қаламгер, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бұрынғы Бас редакторы Төлеубай Ермекебаевқа аяулы анасы

Бәтеш ҚҰДАЙЫМБЕРЛИНАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық «Saryaqqa» телеарнасының ұжымы белгілі журналист, қарымды қаламгер, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бұрынғы Бас редакторы Төлеубай Ермекебаевқа аяулы анасы

Бәтеш ҚҰДАЙЫМБЕРЛИНАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Saryaqqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы белгілі журналист, қарымды қаламгер, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бұрынғы Бас редакторы Төлеубай Ермекебаевқа аяулы анасы

Бәтеш ҚҰДАЙЫМБЕРЛИНАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

• ӨНЕР ӨРІСІ

Дәстүрді жалғастырған

Ақадыр кентінде тұратын Нұридин Мырсыздықов қазақтың ұлттық аспабы домбыра жасаудың қыр-сырын меңгерген таңдаулы шеберлердің бірі. Ол бұл өнерге бала күнінен қызығып, өзі жасап үйренген. Бүгінде бұл ісі отбасылық кәсіпке айналды. Жұбайы екеуі шағын шеберхана ашып алған.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақтың ұлттық аспабы домбыра жасауға бала күнінен құштар болған Нұридин оның қыр-сырын интернеттен карап

үйреніпті. Кейін Алматыға арнайы оқу курсына барған. Бүгінде ағаштан түйін түйген шебер. Ол жұбайы Данамен бірге екі жылда 30-дан астам домбыра жасапты.

— Менің атам ұста болған. Бірақ, ұста болғанда есік-терезе жөндеген. Музыкалық аспап жа-

сауды әулетте ең бірінші игерген менмін. Домбыра жасауды әулетте бала кезден армандайтынмын. Бірнеше домбыраны жасау кезінде бүлдіріп те алдым. Музыкалық аспап жасаған адам музыкаға жақын болуы шарт. Дауысын келтіру, үнін есту — домбыра ше-

беріне аса қажет қабілет, — деді Нұридин Мырсыздықов.

Қазір ол домбыра жасаудың қыр-сырын меңгерген таңдаулы шебер. Оның көмекшісі — жары Дана. Ол әрбір аспапты ерекше сәндеп, әрлеу жұмыстарын атқарады. Аспаптың үні жақсы болу үшін ағашқа ерекше таңдау жасайды. Қажет материалға тапсырыс береді. Шеберлер отбасына былтыр облыс әкімінің қайтарымсыз гранты берілген. 2 миллион теңге ақшаға қажетті құрал-жабдықты сатып алынды.

— Бүгінгі таңда сапасына баса мән беремін. Кәсіп жүйеленіп, саймандар да жаңаланды. Қолдан жасалғандары да бар. Соның барлығын бір жүйеге келтіріп, алдағы уақытта кәсіпті дамыту — жоспарда, — деді Нұридин Мырсыздықов.

Қазір шебер жергілікті тұрғындарға ғана емес, Астана, Алматы, Қарағанды қалаларына да тапсырыспен домбыра жасайды. Келешекте ерлі-зайыптылар шеберхананы кеңейткісі келеді. «Бабадан қалған саф өнерді жастарға үйретсем» дейді шебер.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жас балуандар жеңісі

Астанада қазақ күресінен балалар арасындағы Қазақстан Республикасының біріншілігі өз мәресіне жетті. Бұл сайыста еліміздің түпкір-түпкірінен келген 300-ден астам жас балуан бақ сынасты. Аламан додада балқаштық жас өрендер де өздерінің мықтылығын дәлелдеді.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жерлестеріміз Аслан Таласбай мен Илияс Қонырбай жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Аслан барлық қарсыластарын айқын басымдықпен жеңіп, чемпион атанса, Илияс қола жүлдеге ие болды. Жас балуандарды қазақ күресіне баулып жүрген — білікті жаттықтырушы Мағди Дүйсетай.

Жарыстан оралған соң жеңімпаздарға және олардың жаттықтырушысына Балқаш қаласындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде спорт жанапшылары құрмет көрсетті. Аталған спорт кешенінің директоры Ардақ Мурсалим



лим жас балуандардың қадамына құт тіледі. Сондай-ақ, спортшылардың туыстары жылы лебіздерін білдірді.

Чемпиондар мен олардың бапкеріне спорттық жетістіктері үшін спорт клубы тара-

пынан ақшалай сертификат табысталды. Сала мамандары жас балуандарға әркезде қолдау көрсетілетіндігін жеткізді.

БАЛҚАШ

Суретті түсірген автор

• «САРЫАРҚА – 2025»

Саламатты өмірге ұмтылыс

Ақтоғайда дәстүрлі XXXVII жазғы ауыл спартакиадасы — «Сарыарқа – 2025» кең ауқымда ұйымдастырылды. Ауқымды спорт мерекесін аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі мен «Ақтоғай спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бірлесе өткізді. Спартакиаданың салтанатты ашылу рәсімі Ж.Шайдаров атындағы орталық саябақта өтті.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен ауданның алты аймағынан жиналған командалар — «Солтүстік», «Оңтүстік», «Шығыс», «Батыс», «Орталық» және «Тоқырауын» — сап түзеп, салтанатты шеруге шықты. Спартакиада аясында Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейінде ауылдан шыққан белгілі спорт саңлақтарына арналған көрме ұйымдастырылды. Көрмеде бокстан, қазақ күресінен, жеңіл атлетика мен ұлттық ойын түрлерінен республикалық және халықаралық деңгейде топ жарған жерлестеріміздің медальдары, фо-

тосуреттері, марапаттары мен спорттық киімдері қойылды.

Спартакиаданы ашқан аудан әкімі Абылай Аманжолов ауыл спортының ел ішіндегі бірлік пен ынтымақты арттырудағы рөліне тоқталып:

— «Сарыарқа» спартакиадасы — ауыл еңбеккерлерінің саламатты да сергек өмірге деген ұмтылысын көрсететін бірегей алаң. Бұл — жарыс қана емес, рух пен намыстың нағыз бәсекесі, — деді аудан әкімі.

Сонымен қатар, жарыстың бас төрешісі — Ақтоғай спорт клубының директоры Ернұр Сейсекеев, ал, бас хатшы ретінде Марғұлан Төлегенов таны-

стырылды. Сондай-ақ, спорт түрлерінен арнайы жаттықтырушылар мен төрешілер бекітілді. Спартакиада бағдарламасы екі күнге жалғасты. Ауданның елдімекендері алты құрама командаға бөлініп, 11 спорт түрінен бақ сынады. Жарыстың бірінші күні әйелдер волейболы, ерлер шағын футболы, қазақ күресі, жазғы Президенттік көпсайыс, қолкүрес, кір тасын көтеру, асық ату, шахмат, тоғызқұмалақ спорт түрлерінен командалар сайысты. Жарыстың екінші күні үстел теннисі, дойбы, бес асық, ерлер волейболы бойынша сыңға түсті. Тартысты өрбіген ауыл спартакиадасында



командалық есепте оза шапқан «Батыс» командасы I орынды еншіледі. II орынды «Орталық» командасы иеленді. Ал, III орын «Шығыс» командасына бұйырды.

Айта кетейік, спорттық шараның жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан аудандық дене шынықтыру және спорт бөліміне, сондай-ақ «Ақтоғай спорт клубы» КММ ұжымына жарысқа

қатысушылар мен спорт жанапшылары зор алғыс білдірді.

Ақтоғай ауданы

Суретті түсірген
Гүлнар МЕНТАЙ

• БИЛЬЯРД

Тартысқа толы турнир

Облыс ардагерлері арасында әр түрлі жарыстар өткізіп отыру дәстүрге айналған. Бұл жолы Қарағанды қаласындағы Қазыбек би атындағы аудан Ардагерлер кеңесі бильярдтан жарыс өткізді. Бұдан бұрын осындай жарыс соғыс ардагерлері, мемлекеттік және қоғам қайраткерлері Қали Аманбаев пен Камали Дүйсембековті еске алуға арналса, бұл жолы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналды.



Турнирге мұндай жарыстарға қатысып жүрген тәжірибелі он ойыншы қатысты. Турнир басталар алдында қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өзбек Бимендин және Қазыбек би атындағы аудан ардагерлер кеңесінің төрағасы Тілеубек Камалиев қысқаша кіріспесіз сөз сөйледі. Турнирдің бас төрешісі, ардагер Аман Жанғожин жарыстың шарттарын түсіндіріп өтті.

Тартысты өткен жарыстан соң бірінші орынды Болат Қабышев жеңіп алды. Екінші орынға Анатолий Бакеев көтерілді. Үшінші

орынға Гинаят Балабеков шықты.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне ақшалай сыйлықтар, арнайы медальдар мен дипломдар табыс етілді. Қалған қатысушылар ардагерлердің қалалық және аудандық кеңестерінің Алғыс хаттарына ие болды.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ,
жарысқа қатысушы

Суретті түсірген автор

СУРЕТТЕ: жарыс жеңімпаздары және ардагерлер кеңесінің төрағалары

• ЖАЗ ЖАЙНАТЫП, КҮН КҮЛДІРІП...

Этноауылдағы бес күн

Қарқаралы ауданында әртүрлі этнос өкілдеріне арналған жазғы мәдени-лингвистикалық лагерь жұмысын бастады. Бес күндік бағдарлама ұлттық парк аумағындағы «Сұңқар этноауылында» өтуде. Оған Саран қаласының Тілдерді дамыту орталығы мен «Мәміле» сөйлесу клубының мүшелері қатысуда.

«Лагерьдің басты мақсаты — қазақ тілін тек оқу пәні ретінде емес, күнделікті қарым-қатынас, мәдениетпен танысу және бірлескен әрекеттер құралы ретінде қолданылатын табиғи тілдік орта қалыптастыру», — дейді ұйымдастырушылар.

— Мұндай идея өткен жылы, облыстық басқарма өз лагерін өткізгеннен кейін туындады. Біз форматы кеңейтуді ұйғардық. Тілден бөлек, қатысушылар қазақ халқының мәдениетімен және дәстүрімен танысады. Сондықтан, лагерь орны ретінде Қарқаралыны таңдадық, — деді Саран қаласының Тілдерді дамыту орталығының директоры Альбина Нұрмаханова.

Бағдарламаға тілдік тренингтер, шеберлік сабақтары, ұлттық ойындарға қатысу, этноэкскурсиялар және табиғатта серуендеу енген. Қатысушылар қазақ тіліндегі білімдерін жетілдірумен қатар, халықтың тұрмысы, асханасы мен салт-дәстүріне терең бойлайды.

Бағдарламаның ерекше бөлігін өңірдің мәдени нысандарына жасалатын экскурсиялар құрайды. Быыл лагерьдің өткізілу мерзімі Абай Құнанбайұлының 180 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Сол себепті қатысушылар ұлы ақын Қарқаралыға келгенде тұрған үй-музейге барады.

Өз тілшімізден

**ORTALYQ
QAZAQSTAN**

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
С.Б. ІЛІЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZKX БИН 000840001412

Тарапымыз 3 498

№76 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жәлел ШАЛҚАР**